

ТОҚАЕВТЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІК ЖҮЗ КҮНІ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

2-бет



ТАҒЫ ДА ЖЕР ДАУЫ...

5-бет



ГОРОД ВЗРЫВОВ: ЧТО ПРОИЗОШЛО И ПРОИСХОДИТ В АРЫСИ

12-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || **№35 (853), 23 qyrkúıek, 2019 jyl**




**Ибрагим ИСА:**

## АҚЫН ДЕГЕН ӘДЕМІ АТЫМ КЕЗ КЕЛГЕН СЫЙЛЫҚТАН КЕМ ЕМЕС

8-9 бет

# ӘРКІМ ӨЗ СӨЗІНЕ ЖАУАПТЫ БОЛУЫ КЕРЕК!



3 бет

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің вице-спикері Владимир Божконың «...Тұрғындарды әлеуметтік жағынан қорғау көрсеткіші елімізде соңғы үш жылда 17 есе артты. Тек осы үшін ғана мемлекет алдында олар тізерлеп алғыс айтуы керек. Өзі ештеңе істемей , «маған бәрін беріңдер» дейтін адамды малтұраққа (стойло) көгендейтін қоғамдық пікір болуы қажет» деп салған пікірі жұмыссыз қалған немесе тапқан мардымсыз жалақысы бала-шағасының тамағына жетпей жүрген сан мыңдаған тұрғындарымыздың тура жүрегіне қадалған оқпен бірдей болды. Әрине, мұндай ауыр сөзден кейін тұрғындар да қарап қалмады.



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ ЖОЛЫНДА БІРНЕШЕ ҰСЫНЫС

Біз бұл мақалада Ұлттық бюро жұмысының құпия түрлеріне тиместен, бізге қолжетімді ақпаратты ғана басшылыққа алатын боламыз. 2017 және 2018 жылдарға арналған мемлекеттік бюджетке сәйкес Ұлттық бюроның жылдық бюджеті 16,0 млрд.теңге. Олардың қызметінің нәтижесі 17,4 млрд.теңгені құрайды. Ұлттық бюроның есебі бойынша жыл сайын сыбайлас жемқорлық қылмыстың саны артып келеді.

6 бет





Жүкел ҚАМАЙҰЛЫ

## АРҒЫ БЕТТЕН ӘППАҚ САМАЛ ЕСКЕНДЕЙ...

14 бет

## КОГДА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК СТАНЕТ ГОСУДАРСТВЕННЫМ?

Законодательный парадокс состоит в том, что есть статус казахского языка, но нет закона об этом. Раз нет закона – нет и статуса?! Поэтому пришло время установить приоритеты, внести уточнения в функционировании двух основных языков. Раз идет тенденция к расширению сферы применения казахского языка, то ее надо узаконить, чтобы не было недоразумений, конфликтов или перехода на язык партнеров.

10 бет



# ТОҚАЕВТЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІК ЖҮЗ КҮНІ НЕСІМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ?

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың маусым айындағы ұлықтау рәсімінен кейін Президент лауазымына кіріскеніне 100 күн толды. Әдетте, мемлекет басшылығына немесе өзге де лауазымға кіріскен адамдардың жүз күндік аралықта атқарған жұмысына қорытынды шығару дәстүрге айналған. Қасым-Жомарт Кемелұлының үш айдан астам уақытындағы қызметінің кейбір тұстарына назар аударып көрелік.**



12 маусымда Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы ұлықтау рәсімінде Қазақстанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру жөнінде айтқан болатын. Арада бір ай өткеннен кейін Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі туралы Жарлыққа қол қойды. 6 қыркүйек күні елордадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысы өтті.

24 маусым күні Арыс қаласындағы әскери бөлімнің қоймасында жарылыс орын алып, оқиға орнына шұғыл түрде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жетіп, жарылыс аумағынан эвакуацияланған тұрғындармен кездесіп, барлық мәселені жеке өз бақылауына алғанын айтты. Арыстағы оқиғада ел азаматтары тағы да елдігімізді танытып, осындай тосын оқиғаларда бір жұдырықтай жұмыла білетін бірлігімізді көрсетті. Соңғы мәліметтерге қарағанда, Арыстағы құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын.

Ал тамыз айының аяғында Қ.Тоқаевтың Жарлығымен ҚР Президентінің жанындағы Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Осы орайда ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі азаматтардан өтінімдер қабылдау үшін онлайн-платформаны іске қосатыны жарияланды. Резервке өткен кандидаттар ұлттық холдингтер мен ұлттық компанияларда саяси және жоғары басқару әкімшілік лауазымдарға, жоғары басшылық қызметтерге тағайындалу мүмкіндігіне ие болмақ.

Биыл маусым айының аяғында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды. Бүгінде Президенттің борыш жүктемесін азайту туралы бастамасының игілігін еліміздегі көптеген отбасылар көріп жатыр

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігін екі ведомствоға бөлу мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске неғұрлым нәтижелі көңіл бөлуге жол ашты. Қасым-Жомарт Кемелұлы барлық мемлекеттік органдарды «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында жұртшылықпен байланыс орнату бойынша жүйелі жұмыс жүргізуге шақырды. Қазіргі уақытта Қазақстан азаматтары виртуалды қабылдау бөлмесі арқылы Президентке тікелей жүгіне алады.

ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес алдағы 4 жылда мұғалімдер жалақысын 2 есе арттыру, 2020 жылдан бастап «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын қаржыландыруды 20 млрд. теңгеге дейін кеңейту ескерілді.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының мәліметіне сүйенсек, 2019 жылғы қыркүйек айының орта кезіндегі жағдай бойынша Мемлекет басшысы 5 заңға қол қойып, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларда 40 өкім шығарды. Осы кезге дейін Президент 102 жарлыққа қол қойды. Қазақстан Президенті орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, бизнес құрылымдар басшыларымен, азаматтық сектор өкілдерімен және қоғамның басқа да топтарымен 140-тан астам іскерлік кездесулер мен кеңестер өткізді.

# БІЛІМ САЛАСЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ОДАН ӘРІ ЖАЛҒАСАДЫ

**«Адал білім» жобалық кеңесінің әкімшісі Сергей Пен білім беру саласындағы оңтайландыру кімдерден басталатынын хабарлады.**



ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде өткен брифинг барысында «Адал білім» жобалық кеңесінің әкімшісі Сергей Пен білім беру саласындағы оңтайландырудың екінші кезеңі қалай жүріп жатқанын баяндады. «ҚР Білім және ғылым министрлігіне бағынатын 50-ден астам квазимемлекеттік ұйым бар. Оларда 8 мыңнан астам қызметкер жұмыс істейді. Жыл сайын бұл ұйымдардың жұмысына 20 млрд. теңгеден астам бюджет қаражаты жұмсалады. Министр Асхат Аймағамбетовтің өзі бастамашы болған оңтайландырудың бірінші кезеңі аяқталды. Тек техникалық, құқықтық бөлігі қалды. Ұйымдастыру-құқықтық формасын өзгерту мақсаты іске асты деуге болады. Кейбір мекемелерді біріктіріп, еңбекақы қорын қайта қарау жұмыстары аяқталды. Екінші кезеңі әлдеқайда күрделі деп айтуға болады. Арнайы құрылған жұмыс тобы терең функционалдық талдау жүргізеді. Қызметтер бір-бірін қайталап жатқан жоқ па? Мемлекеттік тапсырма қаншалықты орынды қойылған? Ол негізді іске асып жатыр ма? Аталмыш қызметті бәсекелі ортаға жіберсе не болады? Осы мазмұндағы сауалдар төңірегінде зерттеу жүргізіледі. Еңбекақы қоры, әкімшілік шығындар, ғимарат жалдау құны және оның орындылығы, ол ғимаратты күтіп-ұстау, оған қызмет ететін жұмысшылар штаты қаншалықты тиімді құрылғаны да жан-жақты зерделенеді. Осыдан кейін барып аталған ұйымдар қызметінің тиімділігі қаралады», – деді Сергей Пен. Оның айтуынша, бірінші кезекте қаржыны ең көп шығындайтын ұйымдар оңтайландыруға ұшырайды. Олар «Өрлеу», «Кәсіпқор», «Ситуациялық талдау орталығы» сияқты 8 ірі ұйым. Аталмыш ұйымдардың 17 өңірде филиалдары бар. Олардың бәрі ол жақта қаншалықты ттиімді жұмыс істеп жатқаны тексерілмекші.

# ДІНБАСЫЛАРДЫҢ ТЫҢ БАСТАМАСЫ

***Әлемдік және дәстүрлі дінбасылардың елордрада өткен кезекті отырысында жауласқан тараптарды махаббат пен өнер арқылы татуластыру қажет деген тың бастама көтерілді.***



Алқалы жиынды Сенат спикері Дариға Назарбаева ашып берді. Бүгінде аталмыш шара конфессия басшыларының дәстүрлі кездесуіне айналды. Маңызды жиында негізінен Дін басылардың 6-шы съездегі уағдаластықтарының орындалуы мен алдағы 7-ші сьезге дайындық мәселесі пысықталды. Түрлі конфессия өкілдері татулыққа, дінаралық түсіністікке шақыратын съездің маңызы зор дейді. Сондықтан, әлемде ушыққан геосаяси жағдай мен жік-жікке бөлінген діндерді алдағы уақытта махаббат пен мәдениет арқылы ретке келтіру туралы бастама көтерді. Әрі террористерге исламның атын жамылуға жол бермеу мәселесі кеңінен талқыланбақ.

– Ислам діні саяси қысымдардың құрбаны болмауы тиіс. Бұл – ислам дініне деген қорқыныш қалыптасуына мүмкіндік бермеу. Өйткені бұл ислам дінін бұрмалаушылық болып табылады. Біздің дінімізде зұлымдықпен күрес негіз ретінде танылған, – деді Дүниежүзілік ислам лигасының өкілі Әбдуләзиз Ахмад.




# ПРОКУРАТУРА ӘДІЛДІК ОРНАТТЫ

**Прокуратура қызметкерлерінің араласуымен Ақмола облысының Бурабай ауданында мұғалімдерге тиесілі үстемеақы төленетін болды. Осыдан біршама уақыт бұрын ұстаздар жалақыларының дұрыс төленбей жатқаны жайында арыздanған болатын.**

Осыған орай, Бурабай ауданының прокурорлары мектеп қызметкерлерінің еңбек құқығының қалай қорғалып жатқанын тексеріп, ерекше күтімді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін 408 педагогқа қосымша үстемеақы төленбей келгенін анықтады. «Педагогтар базалық айлыққа қосылатын 40 пайыздық үстемеақыны екі жыл бойы ала алмай келген. 2017-2018 жылдарды есептегенде мұғалімдерге берілетін қаражаттың көлемі 1,8 млн. теңгеге жеткен. Бақылау құжаты бойынша педагогтардың конституциялық құқығы қалпына келтіріліп, барлық сома төленді», – деп хабарлады Ақмола облыстық прокуратураның баспасөз қызметі. Прокуратура сонымен қатар, «Агрофирма Веденовка» ЖШС мен «Агрофирма Бурабай-2007» ЖШС кәсіпорындары 329 жұмысшының алдындағы 44 млн. теңгелік қарызды қайтарғанын мәлімдеді. «Айлықты уақтылы бермегені үшін жұмыс берушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Аталмыш бағытта жұмыс жалғасуда», – делінген хабарламада.

# ТҮРКІСТАНДА ТАЙҚАЗАНҒА КӨРМЕ АШЫЛДЫ

**Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде тұрған тайқазанның құйылғанына 620 жыл және тарихи орнына оралғанына 30 жыл толуына орай «Қайта оралған жәдігер» атты көрме ашылды.**

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен өткен ашылу салтанатына филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ергөбек пен тарих ғылымдарының кандидаты, Тайқазан тарихын зерттеуші Ділдәш Мұстапаева сынды тарихшы ғалымдар сондай-ақ, бірқатар зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары және музейге келуші қонақтар қатысты.

Аталған көрменің экспозициясына 50-ге жуық жәдігер қойылды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде сақталған ортағасырлық Тайқазан 620 жыл бұрын, яғни, 1399 жылы Түркістаннан 25 шақырым жерде орналасқан Қарнақ елді мекеніндегі Тұранның билеушісі Әмір Темірдің бұйрығымен Әбділ Әзиз Шарафуддин Тебризи шебердің ұстаханасында құйылған. Тайқазан алтын, күміс, мыс, қола, қорғасын, мырыш, қалайы сынды жеті түрлі металдардың қосындысынан жасалған. Тайқазан 1935 жылы Ленинград, қазіргі Санкт-Петербург қаласында өтетін Иран шеберлерінің ІІІ Халықаралық конференциясына үш айға жіберілгенімен 54 жылдан кейін, яғни, 1989 жылдың 18 қыркүйегі күні тарихи отанына қайта жеткізілген. Тайқазанның тарихи мекеніне оралуына мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің қосқан үлесі зор. Тарихи маңызы зор көрме бір ай бойы келушілердің назарына ұсынылатын болады.

# ҚАРЖЫГЕРЛЕР ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА ТҮРІН ЕНГІЗДІ

**Қазақстандықтарға бұдан былай салық төлемдері туралы хабарлама жіберіліп, салық төлеушілер мүлік, жер және көлік құралдары бойынша алдағы салық төлемдері туралы SMS-хабарлама алып тұратын болады.**



Бұл жайында ҚР Қаржы министрлігі баспасөз қызметі мәлімдеді. «Таяу уақытта Қазақстан Республикасының азаматтары ұялы телефондарына (смартфондар, телефондар) төлеуге тиісті салық сомасы туралы SMS-хабарламалар алады. Бұл ескертулерді алу үшін азаматтар электрондық үкіметтің egov.kz порталы немесе mgov мобильді қосымшасы арқылы мобильді базасында нөмірін тіркеу қажет. egov.kz электронды үкімет порталының «Қызметтер» бөліміндегі мобильді азаматтар деректер базасында тіркеуде бар жоғын тексере алаcыз», – делінген министрлік хабарламасы. Бұл қызмет тұрғындар үшін өте тиімді болмақ. Өзінің не үшін қанша салық төлеу керектігін уақытында біліп отырады.

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің вице-спикері Владимир Божконың «...Тұрғындарды әлеуметтік жағынан қорғау көрсеткіші елімізде соңғы үш жылда 17 есе артты. Тек осы үшін ғана мемлекет алдында олар тізерлеп алғыс айтуы керек. Өзі ештеңе істемей «маған бәрін беріңдер» дейтін адамды малтұраққа (стойло) көгендейтін қоғамдық пікір болуы қажет» деп салған пікірі жұмыссыз қалған немесе тапқан мардымсыз жалақысы бала-шағасының тамағына жетпей жүрген сан мыңдаған тұрғындарымыздың тура жүрегіне қадалған оқпен бірдей болды. Әрине, мұндай ауыр сөзден кейін тұрғындар да қарап қалмады. Басқа тілді болмаса да орысшаны түсінетін олар «стойлоның» мал байлайтын орын екенін, осынысымен-ақ Божко онсыз күнін әзер көріп жүрген өздерін малға теңегенін айтып, айқайлап шыға келгені белгілі. Бұл жерде кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін дәлелдеп баққандар да көп болды...**

# ӘРКІМ ӨЗ СӨЗІНЕ ЖАУАПТЫ БОЛУЫ КЕРЕК!



«Әлеуметтік желіде талқыланып қып-қызыл шатаққа ұласқан, енді ғана шаңы басылған, шоғы сөніп орнында қалған күлді несіне қопарып отырсыңдар», – дейтіндер де табылар. Рас, әлдебіреудің айта салған пікірін алты ай жыр етудің қажеті жоқ. Бірақ, Божко қатардағы әлдебіреу емес. Түрлі жоғары лауазымды атқарған, әлі де жауапты қызметте отырған «мемлекеттің алдында олар тізерлеп алғыс айту керек» – деп өзі айтқандай, сол мемлекетімізді басқарып отырған Үкіметтің белді мүшесі-министр болған тұлға. Оның бұл сөзін тіпті, аңдамай айтылып қалды десек те астарында ауыр зіл жатқанын байқау қиын емес. Бүкіл халық соларға қарап, солардың дуалы аузынан шыққан аталы сөзді күтеді. Солардың сілтеген бағыты жарқын болашаққа жетелейді деп сенеді, ертеңіне үміт артады. «Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңе болайын» демекші, халық өзі сайлаған депутаттарға төрелік етіп отырған лауазымды тұлғадан дәп осыны күтпеген-ді. Бүкіл ел-жұрт алдында кемсітіп, қорлап тіл тигізу кімнің де болса намысына тиері сөзсіз.

Біріншіден, Божко айтқандай елімізде тұрғындарды әлеуметтік жағынан қорғау көрсеткіші соңғы үш жылда 17 есе артты делік. Шынын айтсақ, бұл келтірген көрсеткіштің өзіне үлкен күмән келтіруге болады, оны алдымен нақтылап алу қажет. Әлеуметтік көмек ондаған есе артқан күннің өзінде, қайта-қайта орын алып жатқан инфляция үкімет көрсеткен көмектің күлін көкке ұшырып, қорғау мен қолдауды көз алдымызда жоқ қылып жатқан жоқ па? Божко осыны білмесе – оның қаржы, экономика саласынан ештеңе сезбегені. Немесе өзі жоғары жалақы алып, жырғап өмір сүріп жатқанмен, төмендегі қарапайым халықтың тұмысынан мүлдем бейхабар болғаны. Олай болса сол халықтың өзі сайлаған депутат бола тұра сол қарапайым адамдардың атына ащы пікір айтуға қандай қақысы бар? Осы үшін халық емес, Божконың өзі малға теңеген тұрғындардың алдында тізерлеп отырып кешірім сұрауға міндетті.

Екіншіден, халық неге мемлекет алдында тізерлеп алғыс айтып, құлдық ұруы керек? Ау, біздің Атазаңымыз бойынша сол мемлекеттің иесі халық емес пе еді?! Әлде Божко үкімет басында отырған санаулы шенеуніктерді мемлекеттің иесі деп санап жүр ме? Олай болса саяси сауаты да шамалы боғаны. Бәлкім, мемлекет иесі қатарында өзінің де бар екенін білдіргісі келген болар. Демек, сол санаулы топтың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, ал қарапайым адамдарды мал демегеннің күннің өзінде халық солардың құлаққесті құлы болғаны ғой. Сондықтан, оларды кемсітіп, қорлай салуға болатынға ұқсайды.

Көпке күл шаша алмайсыз, осы пікірді есті салысымен көпбалалы аналар Парламент ғимаратына барып, Божконың сыртқа шығып, халықтан кешірім сұрауын талап етті. «Кешірім сұрамаса қазіргі қызметінен кетсін!» – деген талаптарын да жеткізді. Көптің бұл тілегін еңселі ғимаратты күзеткендер мен бір көрініп жоқ болған қызметкерлері Божкоға жеткізді ме, әлде жеткізбеді ме, ол жағы белгісіз. Бірақ, әлеуметтік желі шулап жатты, оны Божконың естімеуі, көрмеуі мүмкін емес. Бір анығы Божко кешірім сұрамақ түгіл өзінің ағаттығын да мойындаған жоқ. «Азаттық» халықаралық ақпарат агенттігі редакциясы журналистерінің сұрағына берген соңғы бір жауабында «Мен ешкімді ренжіткім келген жоқ. Мен тек масылдыққа қарсы екенімді білдірдім», – деген Божко кешірім сұрау қаперіне кірмейтінін көрсетті. Соған қарағанда, біздің биліктегілер қарапайым халықты шынында да адам қатарына қоспайтын сияқты. Дамыған елдерде болса саналы, білікті лауазымдылар мұндай масқара жағдайдан соң өз еркімен қызметінен ғана емес, елден безіп кетер еді. Бірақ, ондай үрдіс, ондай жоғары мәдениеттілік біздің елімізге, дәлірек айтсақ біздің өзіміз үлгі алар биліктегі лауазымдыларға әлі жете қойған жоқ. Вице-спикердің қорлығына шыдамаған тұрғындар оның қызметінен кетуін талап етіп айқайға басқанмен, оны маса шаққан құрлы көрмеген Божко ештеңе болмағандай кейіп танытып, Мәжілісте депутатарға ақыл айтып, жөн сілтеп отыр. Бір күні үкілеп сайлап, Парламентке ұсынған біздің қадірменді депутаттарымыздың да «мал қораға» қамап қоймаса болғаны.

Бір қызығы, Божконың бұл пікірі туралы оның әріптестерінің ойын білмек болған журналистер бірқатар депутаттарды әңгімеге тартып көрді, оны түрлі теле-арналар көрермендер назарына ұсынған болатын. Аттарын атап, босқа уақыт өткізіп жатпай-ақ қоялық, бірақ солардың біреуі де мандытын ештеңе айта алмады. Әлде өздерінің басшысы, вице-спикер болғандықтан ба, ешқайсысы «халықты бұлай кемсітіп ренжітуге болмайды» деп айтуға жарамады, батылы бармады. Былай қарағанда, сол қатардағы мәжілісмендерді Божко өзінің жекеменшік фирмасына жұмысқа жалдап алған ба деп қаласыз. Қаһарына іліксе, депутаттық мандатын сыпырып алып, өздерін қызметтен қуып жіберетіндей көретін болуы керек. Әлде, бұл «қарға қарғаның көзін шұқымайдының» нақ өзі ме? Ашығын айтсақ, депутаттарды сайлаған қалың бұқара үшін Мәжіліс төрағасы немесе оның орынбасары болса да олар – халық қалаулылары, бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ. Яғни, алдында айтқанымыздай, еліміздің гүлденуіне жол ашатын лайықты заң қабылдайтын, елімізде орын алып жатқан кем-кетіктерді көзге түртіп көрсетіп түзейтін, өздері үлкен сенім артқан адамдар, басқа ешкім емес. Олардың жағдайлары толық қамтамасыз етілген жылы орында жайғасып отырғаны, ай сайын жоғары жалақы алуы да сол халықтың арқасында емес пе? Өкінішке орай, бұл туралы олардың ешқайсысы да ойланбайтын сияқты, Мәжіліс залына аспаннан топ етіп түсе қалған секілді. «Өзі болған қыз төркінін танымайды», – деп қазақ атамыз осындайда айтқан болар...

Қанша адам болса, соншалықты пікір болары заңдылық. Кім қандай ой білдіремін десе де өз еркі. Әрине, ешкімге зорлық-зомбылық көрсетіп, ар-намысына тиіп кемсітуге жол жоқ. Бұл демократиялық қоғамға тән құбылыс. Халықаралық қауымдастық алдында ресми мәлімдеуіміз бойынша, біз сол айтулы сөз бостандығы мен ой еркіндігі бар демократиялық жүйе құрып, заманауи дамыған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Содан да болар, осы бір келеңсіз жағдайға байланысты, айтылған пікірлер де саналуан болды. Басым көпшілік вице-спикерді кінәлады, эмоцияға беріліп тым қатты кеткендер де жоқ емес. Енді біреулер Божконы жақтап та жатты. Оның көп жылғы еңбегін еске салып, елімізге адал қызмет еткен патриоттар қатарына да қосқандар бар.Сөз жоқ, В.Божконың халық алдындағы еңбегін ешкім жоққа шығара алмайды. Еңбек жолын жұмысшыдан бастап инженерлікке дейін көтеріліп, кейін күштік салада ұзақ жылдар қызмет етті. Отыз жылдан аса мемлекеттік қауіпсіздік саласында істеді. Құпиясы көп бұл саладағы еңбегіне ешкім баға бере алмасы белгілі. Ал, төтеншеліктердің төресі болып тұрғанда, айқай-шу аз болған жоқ. Бұл туралы жыл сайын көктемгі қар суы басып қалған елді мекендердің тұрғындары айтып бере алады. Қызылағаштағы қырғынның өзі неге тұрады? «Мынандай алпауыт су тасқынын қайтаратын мен Құдай емеспін» деп оны кезінде өзі де мойындаған болатын. Қандай қызмет атқарғанмен әрбір адам өз ісі мен сөзіне жауап беруге міндетті. Айтар сөзіне бақылау жасай алмайтындай Божко бес жасар бала емес қой. Құдайға шүкір, Владимир Карпович жетпіске келіп отыр. Әлде қартайып, сөйлер сөзінен жаңылыса бастады ма? Олай болса, халық талап еткендей демалысқа шықсын. Жалпы, біздің Парламент қарттарға арналған пансионат емес қой, зейнет жасындағы шаршаған депутаттарды бір уақыт аяп, үстеріне шапан жауып құрметтеп демалысқа жібергеніміз дұрыс шығар. Олар да ет пен сүйектен жаралған адам баласы ғой, қинай берудің қажеті жоқ. Ақыл жастан демекші, оқыған-тоқыған білікті мамандар бізде жетіп артылады, алды шетелге шығып оқып келіп жатыр. Соларға да бір уақыт жол ашып, білімі мен күш-қуатын пайдалану керек қой. Жоғары жақта тұрақты тіркелген бір топ адамды бір лауазымнан екінші орынға ауыстырғаннан осы өткен отыз жылда ештеңе ұтқан жоқпыз. Билік алаңында тамырын тереңге жібергендер жемқорлыққа салынып, халықтың байлығын талан-таражға салып келеді. Құқық қорғау орындары құрықтап, топ-тобымен түрмеге тықса да тоқтар емес. Солардың барлығы мемлекеттік қызметтегі лауазымдылар.

«Тізерлеп алғыс айтуға» байланысты шұғыл үн қоса алмаған біздерге қалың оқырмандарымыз да ренжіп қалған секілді. «Әлеуметтік желі шулап жатқанда, сендер құлақтарыңды бітеп алып отырсыңдар. Аттарың айқайлап тұрғандай, қазақтың үні, бұқараның үні емессіңдер ме?!» – дегендер де болды. Құрметті оқырмандардан кешірім сұрап, апталық басылым болған соң ақпараттар ағынына ілесе алмай қалғанымызды мойындаймыз.

Ағымыздан жарылсақ, билік тарапынан, әріптестері арасынан «Божконың бұнысы дұрыс емес!» деп айтатын адам шығады деген сеніммен күдер үзе бастағанбыз. Жоқ, бар екен ондай жүрекжұтқан депутат. Осындай ақжарма ақпаратты «Sputnik Қазақстан» сүйіншілеп жариялады. «Біріншіден, бұл мәселе бойынша арнайы этикалық комиссиямыз бар. Оны Қуаныш Сұлтанов басқарады. Сол комиссия қарау қажет. Екіншіден, меніңше, бұл сөз дұрыс емес. Әрине, мен ондай сөзбен келісе алмаймын», – деп турасын айтып салыпты «Ақ жол» партиясының төрағасы, халық депутаты Азат Перуашев журналистерге берген сұхбатында.

Оның ойынша, этикалық комиссия қарамаса, депутат Божконы ұсынған ұйым қарауы тиіс. «Бұл депутатты жіберген орган бар. Ол – Қазақстан халық Ассамблеясы. Өткенде министр Дәурен Абаев бұл кісінің сөзіне түсініктеме берген болатын. Басқаша көзқараста айтты деді. Бәлкім, басқа ойы болған шығар. Бірақ кім болса да, әркім өз сөзіне жауапты болуы керек», – деп пікір білдіріпті Перуашев.

Өкінішке орай, Қуаныш Сұлтанов басқаратын Этикалық комиссия мен Қазақстан Халқы Ассамблеясы тарапынан Божконың бұл пікіріне орай біршама уақыт өткенмен, ешкім жұмған аузын ашқан жоқ. Соған қарағанда, әдеттегідей «жабулы қазан жабулы күйінде» қалатын түрі бар. Әңгімемізді түйіндей келе мемлекеттік қызметкерлердің этика және мінез-құлық мәселесіне тоқтала кетелік. Өйткені, бұл бір ғана Божкоға ғана қатысты жағдай емес. Осы бағытта арнайы заңымыз да бар. Оған 22.07.2019 жылы Президенттің жарлығымен түзетулер мен өзгерістер де енгізілген. Алайда, кез келген мемлекеттік кеңсеге кіре берісте ілулі тұрған бәріне ортақ сол ережені елемейтін лауазымдылар жиі кездеседі. Сөзбен кемсіту ғана емес, қарапайым адамдарға жұдырық ала жүгіріп, қол жұмсайтындар да бар. Мұндай дөрекілік жайында біз бұрындар да жазған болатынбыз. («Қазақ үні» газеті, «Абайлаңыз, әкім келе жатыр!»).

Мемлекеттік қызметкер қай жағынан алып қарасақ та көпшілікке үлгі көрсететін тұлға болуы қажет. Қарапайым халық соларға қарап сап түзеп, болашақ бағытын бағдарлайды. Сондықтан, «Бірақ кім болса да, әркім өз сөзіне жауапты болуы керек» – деп Азат Перуашев айтқандай бұқараның сенімін арқалаған кезкелген қызметкер өзінің әрбір ісіне, әрбір сөзіне есеп беріп отырғаны ләзім. Өйткені, ол қатардағы қарапайым адам емес, көпшіліктің көз алдында жүрген танымал тұлға. Оның әрбір қадамы, әрбір сөзі көпшіліктің жіті назарында. Ешкім періште емес, бәріміз де пендеміз. Жіберген кемшіліктерді мойындап, кешірім сұрай білу де біліктілікті білдіреді. Жаңылыспайтын жақ жоқ дегенімізбен, аңдамай сөйлеу – ақылдылықтың белгісі емес. Әрбір мемлекеттік қызметкер осыны үнемі қаперінде ұстағаны жөн, сонда ешкім біреудің алдында қызармайтын, божкоша айтсақ «тізерлемейтін» болады.

2-3-беттi дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

# «XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

## «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ 2019 ЖЫЛҒЫ «XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Байқаудың **басты мақсаты** – Алаш қозғалысының саяси тәжірибесін, экономикалық ұстанымын және рухани мұрасын қазіргі Қазақстан қоғамын жаңғырту контексінде зерделеу мен насихаттау.

Байқауға Алаш қозғалысы тақырыбында зерттеулермен айналысып жүрген 18-35 жас аралығындағы Қазақстан және шетел азаматтары қатыса алады.

Байқау жұмыстары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады.

Байқау келесі **номинациялар** бойынша өткізіледі:

1. Алаш қайраткерлерінің **мемлекеттілік туралы идеяларының** қазіргі Қазақстан қоғамы үшін өзектілігі мен маңыздылығы:

– *Алаш және парламентаризм;*
– *Алаш және дипломатия;*
– *Алаш және саяси партиялар;*
– *Алаш және мемлекетті басқару формасы;*
– *Алаш және демократиялық құндылықтар,*
– *Алаш және құқықтық сана, т.б.*

2. Алаш ұстанымы және бүгінгі **ұлттық экономика** мен **әлеуметтік саланы** жетілдіру мәселелері:

– *Алаш қайраткерлерінің көшпелі және отырықшы шаруашылық туралы пікірталастары;*
– *Қазақстанның шикізат қоры және өнеркәсіпті дамыту;*
– *Алаш және еңбек қоғамын қалыптастыру;*
– *Алаш және нарық;*
– *Алаш және салық мәселесі, т.б.*

3. **Ұлы Дала жетістіктерін** зерделеудегі Алаштың **рухани мұрасының** орны:

– *Алаш қайраткерлерінің түркі әлемінің генезисі туралы зерттеулері;*




– *Алаш қаламгерлері шығармашылығындағы «Алтай», «Түркістан», т.б. киелі ұғымдардың бейнесі;*
– *Алаш және мәдени код;*
– *Алаш идеялары және ұлттық бренд, т.б.*

***БАҚ журналистері үшін арнайы номинация***

4. **Бүгінгі заман контексіндегі Алаш**:

– *Публицистік мақалалар;*
– *Деректі фильмдер;*
– *Хабарлар;*
– *Репортаждар;*
– *Журналистік зерттеулер;*
– *Сұхбаттар;*
– *Ток-шоу шығарылымы.*

Байқау **үш кезеңнен** тұрады:

**1-кезең**де Байқауға келіп түскен жұмыстарға қазылар алқасы сараптама жасап, іріктеуден өткізеді.

**2-кезеңде** үздік 40 жұмыстың авторлары тақырыбы бойынша баяндама жасап, өз номинациясындағы қарсылас үміткерлермен пікірталасқа түседі.

**3-кезең.** Алашорда үкіметінің құрылған күні қарсаңында, желтоқсан айында өткізіледі. Байқаудың ақтық сынына қатысушылар өз жұмыстарын қорғап, қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады.

**Байқау шарттары:**

1. Жұмыс бір адамның (жеке үміткердің) атынан және өзі көрсеткен номинация бойынша ұсынылады;

2. Жұмыста Алаш қайраткерлері көзқарастарының бүгінгі дәуірмен сабақтастығы міндетті түрде қамтылуы тиіс;

3. Плагиатқа (басқа авторлардың дайын жұмыстарын көшіріп ұсынуға) жол берілмейді;

4. Шығарма бас тақырыбының оның мазмұнына сәйкес келгені және тапқыр да жинақы қойылғаны мақұлданады;

5. Жұмыста сілтеме жасалған дереккөздер дәл, нақты және шынайы болуы қажет;

6. Талапқа сай безендірілмеген және мерзімінен кеш жолданған жұмыстар қабылданбайды.

7. Осыған дейінгі жеңімпаздар Байқауға қатыса алмайды.

**Мақаланы (эссені) рәсімдеу талаптары:**

Мәтін 14 өлшемді Times New Roman қарпімен теріледі; жоларалық интервал – 1; абзац шегінісі – 1,25 см; беттің оң жағынан – 3 см, үстіңгі және астыңғы жағынан – 2 см, сол жағынан 1,5 см кеңістік қалдырылады.

Байқауға қатысу туралы өтініште жұмыс авторының толық аты-жөні, туған жылы, тұрғылықты мекен-жайы, қызмет (оқу) орны, ғылыми дәрежесі (бар болса), ұялы байланыс телефоны мен электронды поштасы толық көрсетіледі.

Мақаланың (эссенің) көлемі 10 беттен аспауы тиіс.

Байқауға ұсынылатын жұмыстар **2019 жылдың 1 қазанына** дейін қабылданады.

Байқаудың жүлде қоры – **4 миллион теңге**. Ол келесі тәртіп бойынша бөлінеді:

2-кезеңге жолдама алған үміткерлердің әрқайсысына (ақтық сынға өтетін 12 қатысушыдан басқасына) **25 мың теңгеден** қаржылай сыйлық беріледі.

Ақтық сайыс қорытындысы бойынша номинацияның жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне берілетін қаржылай сыйлық көлемі:

Бірінші орын – **300 000 (үш жүз мың)** теңге;

Екінші орын – **200 000 (екі жүз мың)** теңге;

Үшінші орын – **100 000 (жүз мың)** теңге.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге **Жалпыұлттық «Алаштың Ақ жолы байқауының лауреаты» төсбелгісі** табысталады.

Байқау жеңімпаздары (1-орын) мен жүлдегерлерінің (2,3-орындар) мақалалары **жеке жинақ** түрінде жарық көреді.

Байқаудың 2 және 3-кезеңдеріне қатысушылардың іссапар және жатын орын шығындары «Ақ жол» КДП тарапынан төленеді.

**Байқау жұмыстары «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» белгісімен «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы Орталық аппаратының мекен-жайына (Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел, 30, «Ақ жол» КДП кеңсесіне) немесе** *alash_akzhol@mail.ru*; *akzholpress@mail.ru* **электрондық поштасына жолданады.**

# «АҚ ЖОЛ»: ЖЕКЕШЕЛЕНДІРІЛГЕН НЫСАНДАРДЫҢ МЕНШІК ҮЛЕСІ ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫНА БЕРІЛУІ КЕРЕК

**«Халық капитализмі»: «Ақ жол» партиясы жекешелендірілген нысандардың меншік үлесін еңбек ұжымдарына беруді талап етуде – бұл туралы Мәжілістің пленарлық отырысында ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминге жолдаған сауалында Азат Перуашев айтты.**



Ол «Ақ жол» партиясының әрқашан нарықтық реформа мен мемлекеттік нысандарды жекешелендіру арқылы экономикадағы мемлекеттің үлесін азайтуға жақтасып келе жатқанын атап өтті.

Алайда, жергілікті жерлердегі нарықтық жекешелендірудің (яғни, инвесторлардың ақшасына нысандарды сату) бір топ адамның мүддесіне кетіп жатқанын көрінеді. Әсіресе, жаңа қожайындардың нысандарды кейінгі төлем шартымен сатып алуы, сол арқылы мемлекеттік төлемді мемлекет ақшасымен жүргізуі белең алған.

«Ақ жол» фракциясы осы саладағы жемқорлықтың алдын алу үшін 2014 жылдан бері 5 депутаттық сауал жолдаған болатын. Енді осындай жағдай қайта орын алып отыр, мәселе Алматы қаласындағы Балалар тіс емханасы жөнінде.

Баспасөзден белгілі болғандай, нысан жоғарыда аталған әдіспен, яғни, бөліп төлеу арқылы жүзеге асырылған. Клиникаға бюджеттен жылына 260 млн. тг түсіп тұрса, жекешелендіруге дейін клиниканың шотында 170 млн. тг болған.

Ал, тендер жеңімпазының алғашқы жане кепілдік сомасы 92 млн тг. Яғни, бұл сома нысанның шотындағы қаражаттан екі есе аз деген сөз! Бұдан кейінгі де төлемдер «инвесторсымақтың» емес, клиниканың бюджетінен төленетіні сөзсіз ғой.

Қала жұртшылығының наразылығына қарамастан, сот жекешелендіру ережелеріне сәйкес нысанды сатты. Яғни, басты мәселе – осы ережелердің өзінде деген сөз, себебі, мұндай «жекешелендіру» мысалдарын «Ақ жол» партиясы 2014, 2017, 2018 жылдары да келтірген», – деді партия жетекшісі А.Перуашев. Осыған байланысты, «Ақ жол» партиясы келесі шешімдерді ұсынды.

1. Алматыдағы балалар тіс емханасын жекешелендіру ісін заң шеңберінде ғана емес, мемлекеттік қызмет этика талаптарына да тексеруді;

2. Еңбек ұжымдарының мүддесін қорғай отырып, жекешелендіру талаптарына өзгеріс енгізу мүмкіндігін зерттеуді.

Аталмыш шешімдер, яғни, «Халық капитализмі» мыңдаған азаматтарға еңбекақы беріп қана коймай, жұмыс орындарынан дивиденд алып, оны басқаруға атсалысуға жәрдемдесіп, жұмысшы халықтың әл-ауқатын жақсартатыны сөзсіз.

# ДЕПУТАТТАР ҮКІМЕТ ПЕН ҰЛТТЫҚ БАНКТЫ СЫНҒА АЛДЫ

**ҚР Мәжіліс депутаты Дания Еспаева төменгі палатаның пленарлық отырысында несиелік амнистиядан кейін де борышкерлердің саны қайта көбею қаупі бар екенін айтты.**

Оның сөзінше, мемлекет қиын жағдайға ұшыраған азаматтарға қажетті көмек көрсетуге міндетті. Мемлекет басшысының Үкімет пен Ұлттық банкке берген халықтың әлеуеті төмен азаматтарының несиесін есептен шығару туралы тапсырмасы да осының айғағы болып отыр.

«Алайда, бұл акцияның бір реттік екендігін ескерсек, несие төлемегендердің саны қайтадан өспейтініне, акцияны қайтадан өткізбеске шара болмайтынына кім кепіл болмақ?!

Бұдан бұрын ешбір елде қарызды мұндай көлемде кешіру фактісі болмаған-тын. Оларда төлемге қабілетсіз борышкерлердің мәселесі арнайы банкроттық туралы заң шеңберінде шешіледі», – деді Еспаева өз сөзінде.

Жеке тұлғаларды банкроттау туралы заң көрші Ресейде ғана емес, дамыған АҚШ; Германия елдерінде бар.

Айта кету керек, «Ақ жол» партиясы 2014 жылдан бері жеке тұлғаларды банкроттауға байланысты заңға өзгерістерін ұсынып келеді. Тіпті 2015 жылы «Жеке тұлғаларды банкроттау жөнінде» жеке заң жобасы Үкіметтің ведомствоаралық комиссиясына да таныстырылды. Бірақ аталмыш жобалардың бірі де қолдау тапқан жоқ.

Қаралып жатқан мәселе бизнесмендер не шенеуніктер туралы емес, көбінде тұрақты жұмысы жоқ қараша халық жайлы болғандықтан, олардың болашақта несие алатыны сөзсіз.

Осыған байланысты «Ақ жол» партиясы үкіметтен жеке тұлғаларды банкроттау жөніндегі заң жобасын қайта қарауды сұрауы орынды. Олай болмаған жағдайда партия 2015 жылғы заң жобасын қайта көтеріп, ұсынатынын жеткізді.

*«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі*

**Біз газетіміздің биылғы жылғы санында Түркістан облысы, Ордабасы ауданында «Алтынтөбе» өндірістік кооперативінің тізгінін көпке түсініксіз жолмен қолына алып алған Әбдімәлік Сатқанбаев есімді азаматтың бүкіл бір ауылды жайылым жерсіз қалдырып отырғаны жайлы жазған болатынбыз. Төраға «кооперативтен шықты» деген желеумен біраз адамның 700 гектарға жуық жерін өзінің кооперативке мүше емес екі баласына береді. Мысалы, Нұржан Тұрдыниязов деген ұлының атында 494 га, оның ішінде 174 га суармалы жер, Нұрбек Тұрдыниязов деген ұлының атында 59,67 га тәлімі жер берген. Ә.Сатқанбаевтың «кооператив мүшелігінен шықты» деп жүрген адамдар заң тұрғысынан шықпаған болып табылады екен.**



# ТАҒЫ ДА ЖЕР ДАУЫ...

Мысалы, №24 жер үлесіне құқық беретін куәлік Ордабасы ауданы әкімінің 10.03.1994 жылғы №67 шешімімен Шымкентбай Ағыбайұлына жалпы 66,20 га жер құқығы үлесі берілген /23,60 егістік жер, 2,54 га суармалы, 40,06 жайылмалы жер/. Бұл құжат Ордабасы аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінде №24 санымен құқық беретін шарттар тіркеу кітабына тіркелген.

Ш.Ағыбайұлы «Алтынтөбе» өндірістік кооперативіне жоғарыда аталған құқық үлесімен мүше болып кіріп, өзіне тиесілі 23,60 егістік жер, 2,54 га суармалы үлес құқықтарын пай үлесіне сай жекеге ұзақ мерзімді пайдалануға жекеге шығарып алған. Ал, 40,06 га /қырық гектар, 06 сотық/ жайылым жерін «Алтынтөбе» ӨК-і төрағасы Ә. Сатқанбай ұзақ мерзімге жалпы пайдалануда деп бүгінгі күнге дейін сендіріп, бермей келген.

Яғни, «Алтынтөбе» ӨК-нің басшысы болып сайлаған Ә.Сатқанбаев мырза осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасының «Өндірістік кооперативтер туралы» заңының 13-бабын және «Алтынтөбе» өндірістік кооперативінің жарғысының талаптарын өрескел бұзып келген.

Қазақстан Республикасы «Өндірістік кооператив туралы» заңының 13-бабында нақты былай көрсетілген: «*Кооператив мүшесі өз қалауы бойынша кооперативтен шыққан, сондай-ақ, одан шығарылған жағдайда (осы заңның 11-бабының 1-ші және 2-ші тармақтары), кооператив мүшесіне оның пайы төленуге немесе берілуге, сондай-ақ жарғыда көзделген басқа да төлемдер жасалуға тиіс.*

*Кооперативтен шығатын мүшеге пайын немесе басқа мүлікті беру қаржы жылы аяқталып, кооперативтің бухгалтерлік балансы бекітілгеннен кейін жүргізіледі.*

*Кооперативтен шыққан мүшенің кооперативпен келісім бойынша пайдың құнын төлеу заттай түрде мүлікті берумен алмастырылуы мүмкін.*

*Кооперативтен шығатын мүшеге, сондай-ақ кооперативтің осы жылы алған пайдасынан оған тиесілі бөлігі оның бұл жылы кооперативте болған кезеңі үшін төленеді*».

Жоғарыда көрсетілген бірде бір заң тармақтарын кәзіргі «Алтынтөбенің» басшы Ә.Сатқанбаев орындамаған.

Сондай-ақ, Тайытбек Тұрлыбайдың 35,34 гектар, Құрманғали Төлендінің 21,4 гектар, Асан Ибрашовтың 20,2 гектар, Әбдіхан Нұрлыбайдың 16,3 гектар, Құралбек Сүлейменнің 2,66 гектар, Әлжаппар Нұрлыбайдың17,6 гектар, Теміртай Жолымбектің 6,10 гектар, Алмас Түктібаевтың 37,0 гектар, Әмір Карабековтің 57,0 гектар, жалпы, кооперативтің он үлескерінің аумағы 250 гектар жайылым жерін ұзақ мерзімге пайдалануда деп алдаумен бермей келген.

*«Ал, аталған саннаттағы даулы мәселелер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-тарауының, «Өндірістік кооператив» туралы заң талаптарының және «Алтынтөбе» өндірістік кооперативтің жарғысына сай реттелуге жатады...*

*Заңның 98-бабының 2-бөлігінде «кооператив таза табысы оның мүшелері арасында, егер кооператив жарғысында өзгеше тәртіп көзделмесе, олардың еңбекке қатысуына сәйкес бөлінетіні » бекітілген.*

*Осы баптың 3-бөлігінде «өндірістік кооператив таратылған немесе кооператив мүшесі одан шыққан жағдайда, кооператив мүшесінің өз пайын бөліп алуға құқығы бар » делінген».*

Одан бөлек өзінің ААУ МКеАҚ-ы Шымкент қаласы бойынша филиалы «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» Департаменті Шымкент қала бөлімшесіне жазған **«Алтын-Төбе» өндірістік кооперативінің мүшелерін шығару туралы хаттамалар және шешімдерді заңсыз деп тану, Ордабасы ауданы әкімінің 29.08.2003 жылғы №922 санды қаулысын «жер учаскелерін мемлекет арнайы қорына қайтару туралы» заңсыз деп тану, жер үлесіне құқықтарын қалпына келтіру туралы ТАЛАП-АРЫЗЫНДА** *«Қазақстан Республикасының «Өндірістік кооператив туралы» заң шеңберінде және «Алтынтөбе» ӨК-нің жарғысында көрсетілгендей, кооператив*



БИН 020640000103

ААУ МКеАҚ-ы
Шымкент қаласы бойынша филиалы
«Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті
техникалық тексеру» Департаменті Шымкент қала
бөлімшесі

ТАЛАП АРЫЗ

/"Алтын-Төбе" өндірістік кооперативінің мүшелерін шығару туралы хаттамалар және шешімдерді заңсыз деп тану,
Ордабасы ауданы әкімінің 29.08.2003 жылғы №922 санды қаулысын "жер учаскелерін мемлекет арнайы қорына қайтару туралы" заңсыз деп тану,
жер үлесіне құқықтарын қалпына келтіру туралы/

ОҚО, Ордабасы ауданы әкімінің № 133 санды 13 мамыр 1996 жылғы жерберу туралы шешімімен жаңадан ұйымдасқан «Алтын Төбе» өндірістік кооперативі аудандық жер бөлу жөніндегі комиссиясының 26 наурыз 1996 жылғы жер бөлу актісіне сәйкес кооператив мүшелерінің жер үлестеріне тиесілі 328 гектар суармалы жер, 491 гектар бағарлы жер, 930 гектар жайылымдық жер, 96 гектар арық-атыз су астындағы жерлер Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы «Ақ бұлақ» ӨК есептік кварталынан тауарлы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мақсатында контора, клуб, бала бақша жылжымайтын мүлік ғимараттарымен бірге түпкілікті басыбайлы бөлініп беріледі.

Ордабасы ауданы әкімінің № 31 санды 13 ақпан 2003 жылғы шешімімен аталған жер учаскелері ұзақ мерзімді пайдалануға «Алтын Төбе» өндірістік кооперативі иелігіне беріледі.

«Алтын төбе» ӨК-сол пайдық үлестермен құралған. «Алтын төбе» ӨК төраға болып Сатханбай Әбдімәлік Тұрниязұлы сайланған.

Осы «Алтын төбе» ӨК-не мен мүддесін қорғауымдағы Ағыбайұлы Шымкентбайға, №24 жер үлесіне құқық беретін куәлігі Ордабасы ауданы әкімінің 1994 жылғы 10.03.1994 жылғы 67 шешімімен жалпы 66,20 га жер құқығы үлесі берілген /23,60 егістік жер, 2,54 га суармалы, 40,06 жайылмалы жер/. Бұл құжат,Ордабасы аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінде №24санымен құқық беретін шарттар тіркеу кітабына тіркелген.

Талапкер Ш.Ағыбайұлы «Алтын төбе» өндірістік кооперативіне жоғарыда аталған құқық үлесімен мүше болып кіріп, өзіне тиесілі 23,60 егістік жер, 2,54 га суармалы үлес құқықтарын пай үлесіне сай жекеге ұзақ мерзімді пайдалауға жекеге шығарып алған. Ал, 40,06 га /қырық гектар 06 сот/ жайылым жерін «Алтын төбе» ӨК-і төрағасы Ә. Сатқанбай ұзақ мерзімге жалпы пайдалануда-деп бүгінгі күнге дейін сендіріп, бермей келген.



Сондай ақ, Ордабасы аудан әкімінің 29.08.2003 жылғы №922 санды қаулысын "жер учаскелерін мемлекет арнайы қорына қайтару туралы" заңсыз-деп санаймын. Себебі

Қазақстан Республикасы АК-нің 242 бабы 3 тармағы, 2) тармақшасында Егер меншік иесі бұл туралы жариялау арқылы меншік құқығынан бас тартқан жағдайда, жергілікті атқарушы орган бас тарту туралы жарияланған кезден бастап бұл затты коммуналдық меншікке түсті -деп тану туралы талаппен сотқа жүгінеді-делінген, ал сот отырысында аталмыш Ордабасы ауданы әкімінің 29.08.2003 жылғы №922 санды қаулысы, сот талқылауы тақырыбы болмағаны бекітілген.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, Қазақстан Республикасының өндірістік кооператив туралы Заңының, Кәсіпкерлік Кодексінің және АПК баптары негізінде, соттан

СҰРАНАМЫН

1) «Алтын төбе» ӨК-і төрағасы Ә.Сатқанбайдың:

Ағыбайұлы Шымкентбайға №24 жер үлесіне құқық беретін куәлігі негізінде 40,06 жайылмалы жер,

Тұрлыбай Тайытбек Сайыпбекұлына №17 жер үлесіне құқық беретін куәлігі -35,34 гектар жайылым жер;

- Төленді Құрманғали Сайыпбекұлы №21 жер үлесіне құқық беретін куәлігі -21,4 гектар жайылым жер,

- Ибрашов Асан Маматиллаевичке №847 жер үлесіне құқық беретін куәлігі -20,2 гектар жайылым жер,

- Нұрлыбай Әбдіхан Мұтәліұлы №167 жер үлесіне құқық беретін куәлігі - 16,3 гектар жайылым жер,

- Сүлеймен Құралбек Сейтбекұлына №7 жер үлесіне құқық беретін куәлігі -2,66 гектар жайылым жер,

-Нұрлыбай Әлжаппар Сейтжаппарұлы №22 жер үлесіне құқық беретін куәлігі -17,6 гектар жайылым жер,

-Жолымбек Теміртай Оралұлына №912 жер үлесіне құқық беретін куәлігі -6,10 гектар

-Туктибаев Алмас Чимкентбековичке №865 жер үлесіне құқық беретін куәлігі - 37,0 гектар жайылым жер,

-Карабеков Амир Анарбекович №27 жер үлесіне құқық беретін куәлігі 57,0 гектар, жалпы жоғарыда аталған он құқық үлес иелерінің 250 гектар жерлерімен мүшеліктен шығару жиналыс хаттамалары заңсыз -деп танып, бұзып, жер үлестеріне құқықтарын қалпына келтіруді;

2) Ордабасы ауданы әкімінің 29.08.2003 жылы №922 санды, «Алтын төбе» ӨК- нің 445 гектар жер мемлекет қорына өткізу туралы" қаулысын заңсыз-деп тауып бұзуды;

Адвокат Н. С. Абилдаев

*мүшесі одан шыққан жағдайда кооператив мүшесінің өз пайын бөліп алу туралы көрсетілген»,* – дейді бұл азаматтардың заңды қорғаушысы Н.Әбілдаев.

«Қолынан келіп тұрғанда, конышынан басып қал», – деген қағиданы қатты жақсы көретін Ә.Сатқанбаев осындай ойына келгенін істеумен де шектелмейді, кепілдікке кооперативтің жерін қойып, «Валют-Транзит-Банктен» 5,5 млн.теңге несие де алады, бірақ, қайтармайды. Банктың жерді сатуға шығарудан басқа амалы қалмайды. Оны Е.Қалдыбаев есімді азамат электронды аукционда ұтып алып, жерге иелік ететін деп келсе, өндірістік кооперативтің атында ондай жер жоқ болып шығады. Ол жер бөлшектеніп, талай жеке тұлға мен ұйымға сатылып кеткен болып шығады. Діңкесі құрыған Е.Қалдыбаев та сотқа жүгінеді. Бірақ, Е.Қалдыбаевқа дейін ол жерді иеленіп қойған заңды және жеке тұлғалар өздерінің ісінің дұрыстығын сотта дәлелдеп береді.

Бүгінгі таңда істің жағдайы мынадай. Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.У.Капарбекова Шымкентбай Ағыбайұлының, Тайытбек Тұрлыбайдың, Құрманғали Төлендінің, Асан Ибрашовтың, Әбдіхан Нұрлыбайдың, Құралбек Сүлейменнің, Әлжаппар Нұрлыбайдың, Теміртай Жолымбектің, Алмас Түктібаевтың, Әмір Карабековтің жауапкер «Алтынтөбе» өндірістік кооперативінің хаттамалары және шешімдері заңсыз деп тану туралы талап арызымен танысып, «арыз Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының соттылығына және сот өндірісіне қабылдауға жататынын, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 14-бабы 2-бөлігіне сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты белгіленетінін, арыз қазақ тілінде берілген, сондықтан, іс жүргізу тілі қазақ тілі болып белгіленуге тиісті» екендігін анықтады. Және «*Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 163-165, 268-269 баптарын басшылыққа алып, аталған талап қою арызы сот өндірісіне қабылдансын, азаматтық іс қозғалсын, іс жүргізу тілі қазақ тілі болып белгіленсін.*

*Істі сотта қарауға дайындап, төмендегі көрсетілген әзірлік амалдары жүргізілсін:*

*1.Жауапкерге үш жұмыс күні ішінде талап арыздың және оған қоса берілген құжаттардың көшірмелері жіберілсін немесе ұсынылсын, сондай-ақ дәлелдерді негіздейтін дәлелдемелерді қоса тіркеп, талап қоюшы мәлімдеген талаптарға жазбаша пікірді талап арызды алған күннен бастап он жұмыс күннен кешіктірмей ұсынуға міндеттелсін.*

*2.Алдын ала сот отырысы 2019 жылдың 02 қазан сағат 12.00-ге белгіленсін.*

*3.Талап қоюшыдан ол мәлімдеген талаптардың мәні бойынша жауап алынсын.*

*4.Тараптарға Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 46-бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілсін.*

*5.Өзге де қажетті іс жүргізу әрекеттері жасалсын, атап айтқанда:*

*- құжаттардың түпнұсқасы алдырылсын*» деп **Ұйғарым** етті.

Жер дауы – қазақтың ең жанды жері. Билік бір жағынан қазақтың жерін шетелдіктердің сатып алуына және жалға алуына рұқсат етеміз деп қоқаңдауын қоймайды, жерді сатуға және шетелдіктерге жалға беруге біржолата тыйым салатын заң қабылдағысы келмейді, жергілікті жерде түрлі бишікештер де білгенін істегісі келеді... Біз соттың барысымен сіздерді хабардар етіп тұратын боламыз.

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**

**Істі өндіріске қабылдап, сотта қарауға әзірлеу туралы**
**ҰЙҒАРЫМ**

2019 жылғы 12 қыркүйек Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.У.Капарбекова талап қоюшы Ағыбайұлы Шымкентбай, Тұрлыбай Тайытбек Сайыпбекұлы, Төленді Құрманғали Сайыпбекұлы, Ибрашов Асан Маматиллаевич, Нұрлыбай Әбдіхан Мұтәліұлы, Сүлеймен Құралбек, Нұрлыбай Әлжаппар Сейтжаппарұлы, Туктибаев Алмас Чимкентбекович, Карабеков Амир Анарбекович жауапкер «Алтынтобе» өндірістік кооперативінің хаттамалар және шешімдерді заңсыз деп тану туралы талап арызымен танысып,

**АНЫҚТАҒАНЫ:**

Талап қоюшы аталған талап арызбен сотқа жүгінген.

Арыз Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының соттылығына және сот өндірісіне қабылдауға жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 14-бабы 2-бөлігіне сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты белгіленеді.

Арыз қазақ тілінде берілген, сондықтан, іс жүргізу тілі қазақ тілі болып белгіленуге тиісті.

Іс уақытылы және дұрыс шешу үшін істі қарау алдында әзірліктер жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 163-165, 268-269 баптарын басшылыққа алып, судья

**ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:**

Аталған талап қою арызы сот өндірісіне қабылдансын.

Азаматтық іс қозғалсын.

Іс жүргізу тілі қазақ тілі болып белгіленсін.

Істі сотта қарауға дайындап, төмендегі көрсетілген әзірлік амалдары жүргізілсін:

1.Жауапкерге үш жұмыс күні ішінде талап арыздың және оған қоса берілген құжаттардың көшірмелері жіберілсін немесе ұсынылсын, сондай-ақ дәлелдерді негіздейтін дәлелдемелерді қоса тіркеп, талап қоюшы мәлімдеген талаптарға жазбаша пікірді талап арызды алған күннен бастап он жұмыс күннен кешіктірмей ұсынуға міндеттелсін.

2.Алдын ала сот отырысы 2019 жылдың 02 қазан сағат 12.00-ге белгіленсін.

3.Талап қоюшыдан ол мәлімдеген талаптардың мәні бойынша жауап алынсын.

4.Тараптарға Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 46-бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілсін.

5.Өзге де қажетті іс жүргізу әрекеттері жасалсын, атап айтқанда:

- құжаттардың түпнұсқасы алдырылсын және т.б.

**Судья А.У.КАПАРБЕКОВА**

№5 ҮНДЕУ

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ ЖОЛЫНДА БІРНЕШЕ ҰСЫНЫС

Біз бұл мақалада Ұлттық бюро жұмысының құпия түрлеріне тиместен, бізге қолжетімді ақпаратты ғана басшылыққа алатын боламыз. 2017 және 2018 жылдарға арналған мемлекеттік бюджетке сәйкес Ұлттық бюроның жылдық бюджеті 16,0 млрд.теңге. Олардың қызметінің нәтижесі 17,4 млрд.теңгені құрайды. Ұлттық бюроның есебі бойынша жыл сайын сыбайлас жемқорлық қылмыстың саны артып келеді. Анықталған және өтелген сома да өсуде. Мұндай күшейтілген күрес кезінде (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресшілердің орасан зор армиясы, бұл ретте олардың өкілеттігі үлкен және жазалары да қатал, он жылдан он бес жылға дейін бас бостандығынан айыру) сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс саны азаймағанына қарап, елімізді жаппай сыбайлас жемқор ел деуге тура келеді.

Құрметті оқырман, ХХ ғасырдың басын еске түсіріңізші, «**халық жауларына**» қарсы күрес болды. Қанша миллион адам атылып, түрмеге отырғызылды. «Халық жауларын» ұстауды тоқтатқан кезде мемлекетке ерекше ештеңе болған жоқ. Өзге **одақтас республикалармен салыстырғанда ең көп халық жауы Қазақстанда екені анықталды.**

Мен, әрине, сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюроның рөлін төмен түсіргім келмейді, бірақ, еркін демократиялық елдің азаматы ретінде өз ой-пікірлеріммен бөлісіп, бірқатар нақты ұсыныстар жасағым келеді.

Менің оппоненттерім «сен өзің сыбайлас жемқорсың, бұрын қайда болдың?» деп айтуы, басқа да сұрақтар қоюы мүмкін.

– Біріншіден, сот шешімі жоқ, сондықтан мен әзірге күдіктімін.

- Бұрын да, 2017 жылдан бастап осындай пікірді ұстанған болатынмын. Ұлттық бюро қызметкерлері су саласының кінәсіз адамдарын отырғызған кезде.

– 2017 жылдан бастап өз ойларымды ашық айттым, бірақ мемлекеттік қызметшінің әдебіне сәйкес БАҚ беттерінде пайда болған жоқ.

Кез келген өткір сұраққа жауап беруге дайын екенімді бірден атап өткім келеді. Енді негізгі тақырыпқа оралайық. Егер сыбайлас жемқор адам саны жыл сайын артып келе жатса, мынадай сұрақ туындайды. Сыбайлас жемқорлықтан қашан құтыламыз? Бәлкім, Ұлттық бюро қызметкерлерінің санын тағы 2-3 рет арттырып, сыбайлас жемқорлығы үшін шамамен 10 мың адамды отырғызу арқылы сыбайлас жемқорлықтың тамырын жоярмыз? Бірақ, бұл қосымша түрмелер, қамаудағыларды асырауға бөлінетін қосымша шығындар.

Демек бұл жол жарамайды.

Не істеу керек?

Құрметті оқырман, қандай да бір анықтама алу, төлқұжат, жеке куәлік алу немесе ауыстыру үшін бәріміздің қалай қиналғанымызды еске түсіріңізші. Жүргізуші куәлігінің жыры қандай болды десеңізші. Барлық жерде ұсақ, тұрмыстық сыбайлас жемқорлық өркендеп тұрды. Егер осы ұсақ сыбайлас жемқорлардың барлығын ұстауды бастаса, қанша сыбайлас жемқорлықпен күресушілер қажет болушы еді?. Біздің елімізде ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып ХҚКО мен цифрландыру енгізілді. Біз бүгін бұл проблемаларды іс жүзінде ұмытып кеттік және шағын, тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың 98-99% -ынан құтылдық деп айтуға болады.

Көптеген мемлекеттік қызметтер автоматтандырылды, кейбір процестер рұқсат беру жүйесінен хабардар ету жүйесіне ауыстырылды. Мұның бәрі, әрине, сыбайлас жемқорлық баруды айтарлықтай азайтт.

Соңғы жылдары атышулы сыбайлас жемқорлық қылмыстың бәрі мемлекеттік сатып алумен байланысты. Мемлекеттік сатып алудың ішінде құрылыспен байланысты. Қомақты қаражат пен соған сәйкес сыбайлас жемқорлыққа барудың ең жоғары ықтималдығы да осы салада.

*Сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін және бұнымен қоса құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы зардап шекпей, шығындардың аз болуы үшін не істеу керек? Құрылыстың бірінші кезеңі техникалық – экономикалық негіздеме (ТЭН), жобалау-сметалық құжаттама (ЖСҚ).*

*ТЭН және ЖСҚ бойынша процесс бірдей, сондықтан, ЖСҚ бойынша мемлекеттік сатып алуды қарастырайық. Тапсырыс беруші көзделген соманы көрсете отырып, объектіні жобалау үшін жобалаушыны анықтауға конкурс жариялайды. Бұл ретте біз жобалаудың бағасын 30-35% -ға арттыруды ұсынамыз, бұл кішігірім сома, бірақ есесіне біз сапалы жобаға қол жеткіземіз.*

*Жұмыс көлемі бойынша барлық процесс кемінде 4 кезеңге бөлінуі тиіс. Бұл таза спецификалық мәселе.*

*Ешқандай алдын ала төлеу, аралық төлеу қарастырылмасын. Төлем мемлекеттік сараптама қорытындысын алғаннан кейін тек 1 рет жүргізілсін. Бұл ретте конкурстық сомасының 100%-ын емес, 50%-ы төленсін. Қалған 50%-ы жоба аяқталғаннан кейін төленеді. Сондықтан, біз басында жобалау бағасының калькуляциясын арттыруды ұсындық.*

*Біз негізінен конкурстың шарттары сипаттадық. Енді тікелей процедураға өтейік.*

*Конкурсқа қатысқысы келетіндердің барлығы мемлекеттік сатып алу сайтында, мысалы, конкурс жарияланған күннен бастап 15 күн ішінде тіркеледі, содан кейін тіркеу аяқталады. Бұл ретте қатысушыларға лицензиядан басқа ешқандай шарттар қойылмайды. 15 күн ішінде тіркелген қатысушылар конкурстың екінші кезеңіне дайындалады. Екінші кезең аяқталғаннан кейін тапсырыс беруші барлық тіркелген қатысушыларды аукцион өткізе алатын органға табыстайды. Аукционды ұйымдастырушы ашық тәсілмен төмендетуге аукцион өткізеді.*

*Бұл ретте лицензиялардың бар-жоғынан басқа ешқандай құжат тексерілмейді. Аукцион қорытындысы бойынша аукционға қатысушы ең төмен бағамен анықталады, қалған қатысушылар өспелі баға бойынша орналасады. Аукционды ұйымдастырушы аукционның барлық материалдарын «тапсырыс берушіге» береді. «Тапсырыс беруші» ең төмен бағасы бар қатысушымен негізгі шарт жасасады. Шартта (үлгілік) әрбір кезеңді аяқтаудың нақты күндері және бүкіл жобаны тұтастай аяқтау мерзімі көрсетіледі. Келісім-шартта мына нәрселер ескерілуі тиіс. Әрбір кезең аяқталғаннан кейін жобалаушы орындалған жұмысты электрондық нысанда «Тапсырыс берушіге» береді. «Тапсырыс беруші» өз кезегінде 2 күннен кешіктірмей аталған жұмысты конкурсқа қатысушыларға береді.*

*Бұл жерде айта кетерлігі, тапсырыс беруші конкурстың қалған қатысушыларымен үлгілік нысандағы алдын-ала шарт жасасады. Егер негізгі жобалаушы бір күнге де кешіктірсе, компьютер негізгі жобалаушымен шартты автоматты түрде бұзады және екінші жобалаушымен шарт автоматты түрде өзектеленеді. Демек, бірінші жобалаушыға ешқандай төлем болмайды, ол бекер жұмыс істеген болып шығады және лицензиядан айырылуы мүмкін.*

*Егер 1-ші жобалаушы 1-ші кезеңді аяқтаса, бірақ 2-ші кезеңді кешіктірсе, онда да сол рәсім қолданылады, 1-ші кезеңнің материалдары екінші жобалаушыға ауысады. Бұл ретте 1 және 2-ші кезеңнің жұмысы үшін төлемді жобалаушылар өзара шешеді. Мемлекеттік қызметкерлер бұл жерге араласпайды.*

*Бүгінгі күні бірде-бір мемлекеттік орган жобаның сапасын терең түсіне білмейді, бұл іс жүзінде мүмкін емес. Алайда, олар ЖСҚ-ға қол қояды және бекітеді. Бұнымен РМК «Мемсараптама» айналысады. Сондықтан, мемлекеттік қызметкерлерге ЖСҚ бекіту заңсыз, жобадағы кез келген қате үшін ЖСҚ бекіткен адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға болады.*

*Біздің ұсынысымызда Мемсараптама РМК жобасының сапасын бәсекелес ортаға бергіміз келеді.*

*Конкурстың барлық қатысушылары әр кезең аяқталғаннан кейін материалдар алады, олардың барлығымен алдын ала шарттар жасалған.*

*Конкурсқа қатысушылар негізгі жобалаушының жасаған жұмысын тексеріп, егер қате тапса немесе сол немесе өзге де техникалық шешімдердің неғұрлым тиімді, үнемді нұсқасын ұсынса, олар түпкілікті есептеу кезінде төлем алады. Төлем мөлшерін, төлем шарттарын конкурс өткізілгенге дейін қатысушылардың өздері белгілейді. Мемсараптаманың қорытындысын алған күннен бастап тапсырыс беруші 3 жұмыс күні ішінде қате үшін төлемді шегере отырып, шарт сомасының 50%-ын төлеуге міндетті.*

*Құрылыс аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші жобаның қалған 50% шарттық бағасын төлеуге міндетті.*

*Мұндай тәсілді енгізе отырып, біз мемлекеттік шенеуніктің сыбайлас жемқорлық жасау мүмкіндігін толықтай жоямыз.*

*Екіншіден, қолымызға сапалы жоба аламыз, оның сараптамасына Мемсараптама РМК мамандарынан басқа бәсекелес ортадан жобалаушылар қатысады. Барлық жобалық жұмыс өз уақытында аяқталатын болады.*

*Енді құрылыс бөлігіне көшеміз.*

*Тапсырыс беруші конкурс жариялайды.*

*Қатысушылар 15 күн ішінде тіркеледі, қатысушылардан лицензиялардан басқа ештеңе талап етілмейді. Тіркеуден кейін қатысушылар барлық жұмыс көлемін 15 күн ішінде кезеңдерге бөледі. Бұл мерзім өткеннен кейін ашық аукцион өткізе алатын орган төмендетуге аукцион өткізеді. Ең төмен баға ұсынған қатысушы жеңімпаз болады. Аукционды ұйымдастырушы материалдарды тапсырыс берушіге береді. Ол 3 жұмыс күні ішінде негізгі шарт пен алдын ала шарттар жасасады.*

*Бұл ретте мердігерден қамтамасыз ету, банк кепілдігі талап етілмейді. Өйткені, үлгілік шартта алдын ала төлем немесе басқа да шығындар көзделмеген. Аяқталғаннан кейін, негізгі мердігер жұмысты бастайды, бұл ретте тапсырыс беруші құрылыс кезеңіне еш қатыспайды, барлық процесс үшін техникалық қадағалау мен авторлық қадағалау және мердігер жауапты болады. Жұмыс көлемінің 1-кезең актісі орындалғаннан кейін техникалық қадағалау, авторлық қадағалау қол қояды. Орындалған жұмыс актісін алғаннан кейін тапсырыс беруші 3 жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс. Бұл ретте тапсырыс беруші жұмыстардың көлемі мен сапасына жауап бермеуі тиіс. Бұл, әрине, жауапкершіліктен кету сияқты көрінеді. Іс жүзінде бұл олай емес. Толығырақ түсіндіруге тырысайын. Қолданыстағы жүйе орындалған жұмыс актілеріне бірінші басшылардың қол қоюын көздейді. Мысалы, комитет төрағалары, РМК бас директорлары, министрлердің орынбасарлары, басқарма бастықтары. Кез келген ұсақ-түйек үшін олар зардап шегеді. Олардың қаншамасы сотталды, қаншама тамаша мамандар жұмыстан шығарылды. Құрылыстың барысын бақылауға алуға олардың іс жүзінде мүмкіндігі жоқ.*

*Мысалы, облыс бойынша, бүкіл ел бойынша бір мемлекеттік орган ондаған, ал көпшілігі ондаған объектілерді жүргізе алады. Бір адам ай сайын қалай барлық объектілерде аралап бола алады? Ол құйылған мың текше бетонның, төселген құбырлардың сапасын, бұл құбырлардың сапасын қалай бақылай алады? Мұның бәрі мүлдем мүмкін емес. Тәжірибеде былай болады: техникалық қадағалаудың, автордың, қол астындағылардың қолдары бар ма, басшысы қол қояды. Тіпті, оның орындалған жұмыс актілерін зерделеуге уақыты жетпейді.*

*Сондықтан, орындалған жұмыс актілеріндегі мемлекеттік қызметшілердің қолы оларды алдын ала қиын жағдайға қояды. Олар жұмыстың әрбір кезеңі үшін төлеу қажет шарттың сомасына сәйкес соманы ғана тексеруге тиісті.*

*Енді орындалған жұмыстардың толықтығы мен сапасының қалай қамтамасыз етілетіндігін қарастырайық. Бұл өте қарапайым жасалады.*

*– біріншіден, негізгі шартта әрбір кезеңді аяқтау мерзімі нақты көрсетілуі тиіс. Мерзімі өтіп кеткен кезде, компьютер автоматты түрде негізгі шарттың күшін жояды және келесі алдын ала шарт өзектеленеді.*

*Бұл ретте мемлекет ешқандай шығын шекпейді.*

*Екіншіден, мердігер бірінші кезеңді аяқтағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде төлем алады. Алдыңғы мердігермен өзара есеп айырысуды олар аукционға дейін конкурстың барлық қатысушылары әзірлеген шарттар бойынша өзара дербес шешеді. Бұл ретте екінші қатысушы келесі кезеңнің мерзімдерін кешіктірмеуі тиіс. Техникалық қадағалаумен және авторлық қадағалаумен бірге жұмыстың сапасын бақылауды алдын ала жасалған шартпен конкурстың басқа қатысушылары жүзеге асыра алады. Қателерді анықтау үшін негізгі мердігерден белгілі бір сома ұсталады және қателерді анықтаған адамдарға төленеді. Бұл сомалар айтарлықтай елеулі болуы тиіс. Шарттарды, бағаларды конкурс өткізілгенге дейін конкурсқа қатысушылар әзірлейді және бекітеді. Бұл аукционды өткізудің міндетті шарты болып табылады.*

*Мұндай тәсілді техникалық қадағалау үшін де қолдануға болады.*

*Бұл ұсыныстардың барлығы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін толық жоюға мүмкіндік береді. Құрылыс және ЖСҚ әзірлеу мерзімдерінің бұзылуына нақты жол бермейді. Құрылыс жұмыстарының сапасын жақсартады. Мұнда жұмыстың сапасы үшін жауапкершіліктен басқа қаржылық қызығушылық бар.*

*Әрине, бұл жердің егжей-тегжейі өте көп және кеңінен пысықтауды қажет етеді. Жалпы тәсіл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін іс жүзінде жоюға, бәсекелестік ортаны жандандыруға мүмкіндік береді, жобалаушылар мен құрылысшылардың шығармашылық, жаңашыл жұмысын дамытуға ықпал етеді.*

*Жоғарыда сипатталғандай, мемлекеттік сатып алудың барлық түрлерін егжей-тегжейлі талдауға болады. Оларды топтастыруға, егжей-тегжейлі талдауға және сыбайлас жемқорлық тәуекелі барынша азайтылатын және барлық процесс бәсекелестік ортаға берілетін жүйені әзірлеуге болады. Онда әр қатысушы өз мүдделерін қорғай отырып, мемлекеттің мүдделерін қорғай алады.*

Бұл ұсыныс тек идея ғана емес.Мұндай тәсілді мен 2008 жылы ОҚО-да су тасқыны салдарынан 2000-нан астам үй, 7 мектеп, жолдар, ЭБЖ және т.б. қираған кезде қолдандым.

Барлығы 4,5 -5 ай ішінде қалпына келтірілді. Шығындар бойынша 1 пәтерлік тұрғын үйдің 1м² құны (қабырғалары кірпіш 2 кірпіш, шатыры металл жабыны, газбен жылыту, санитарлық тораптар, кәріз септик, терезелері пластик, еден ағаш) 38,0 мың теңгені құрады. Барлық құрылыс материалдарын 180-200 км-дан әкелдік. Ол кездегі нарықтағы 1м² тұрғын үйдің құнын интернеттен өздеріңіз қараңыздар, сонда



біздің қаншалықты арзан салғанымызға көз жеткізесіздер.

Екінші рет 2010 жылы ШҚО-да су тасқыны салдарынан көп нысан қатты қирады.

Үшінші рет 2012 жылы, мен Су ресурстары комитетінің төрағасы болып жұмыс істеген кезімде. Сол жылы 22,0 миллиард теңгеден астам мердігерлік жұмысты конкурсты қолданбай, Қазсушар РМК-ға тапсырдық. Бұл ретте объектінің сметалық құнының 10% -ын шегеріп тастадық. Бұл сома дереу бюджетке қайтарылды. Ол кезде 10% демпинг шегі деп саналды. Қазсушар РМК Бас мердігердің анықтауынан кейін біз жоғарыда көрсетілген схеманы қолдандық. Нәтижесінде біз жұмысты тамыз айында бастап, желтоқсанда бүкіл соманы толығымен игердік және Қазсушар есебінде 5,0 миллиардтан астам үнемделген қаражат пайда болды.

Осыдан кейін тексерушілер мені сыбайлас жемқор деп жариялады, жаппай тексеру басталып, 2013 жылдың маусым айында мені жұмыстан босатты. Мен жұмыстан босатылғаннан кейін, 10 ай бойы барлық нысан тереңдете тексерілген. Бірақ, бірде-бір тәртіп бұзушылық, ешқандай өсіріп жазу, ұрлау, ысырап ету табылған жоқ. Сапасы бойынша да ештеңе табылған жоқ. Бұл нысанның барлығы бүгінгі күнге дейін өте жақсы жұмыс істеп тұр.

Бұл тәсілді мен барлық сатыға ұсындым, алайда нәтиже жоқ.

Иә, мен конкурс өткізбей, тәртіп бұзушылыққа жол бердім, бірақ бұл процедуралық бұзушылық болып табылады, ол үшін маған айыппұл салынды. Мен бұл туралы өкінбеймін, нәтижесі керемет. Сондықтан, жоғарыда айтылған идея ғана емес, іс жүзінде үш рет сынақтан өткен нақты іс.

Сыбайлас жемқорлықтың тағы бір түрі бар. Бұл жұмысқа қабылдау кезіндегі пара. Әсіресе мектептерде, балабақшаларда, медициналық мекемелерде және басқа да бюджеттік ұйымдарда.

Мектептерде, балабақшаларда сыбайлас жемқорлықты қалай жою керектігіне тоқталғым келеді.Барлық облыстарында демейін, бірақ көптеген облыстарда мектептер мен балабақшаларға жұмысқа тұру кезінде басшылардың тарапынан пара алу бар. Бұл ешкімге құпия емес. Осы себепті аймақ басшыларының біріне Елбасының өзі ескерту жасады. Егер бұны біреу дәлірек білгісі келсе, интернеттен іздеуге болады. Ұсыныс өте қарапайым. Мұғалімдер мен тәрбиелеушілерді ата-аналар анықтауы тиіс. Балаларымызды біз бен сіздердің салығымыздан түскен ақшамызға тәрбиелеп, оқытады. Ата-аналар қалай таңдайды, бұл енді техниканың ісі. Мұндай тәсілді қолдана отырып, бұл жерде де біз іс жүзінде сыбайлас жемқорлықты жоя аламыз.

Мен өзімнің ұсыныстарымның басым бөлігі дұрыс деп таласпаймын. Бірақ бізге бірге талқылауға, ғылым мен техниканың жетістіктерін қолдана отырып, сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуға және мемлекетіміздің ахуалын жақсартуға болады.

Бүгінгі күнде мемлекеттік қызметшілерге, жәнеквази мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлеріне деген халықтың қарым-қатынасы толықтай жағымсыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, менің ойымша, аты шулы өтініштер мен аты шулы істердің орнына күрделі талдау жұмыстарымен айналысу қажет. Жақында газеттен оқыдым: олардың аналитикалық жұмысы мынадан тұрады. Олар көптеген сыбайлас жемқорларды қалай құрықтағаны жөнінде олардың қызметі туралы бір фильм жасапты. Және егер сыбайлас жемқорлықпен айналысқан, осылай ұсталып, сотталасың деп түсіндіреді. Бұл үрей туғызу әдісі, бұл бәріне белгілі, алайда, есепте көрсетілгендей, сыбайлас жемқорлық өсе түсуде.

Көрсеткіштерді жақсарту мақсатында ұлттық бюро тарапынан арандатушылық әрекеті болып тұрады. Сондықтан, сыбайлас жемқорлық экономикалық тиімсіз болуы үшін жүйелі, терең шаралар қажет.

Қоғамның әрбір мүшесі ең алдымен өз мүддесін (материалдық, моральдық, әлеуметтік) қорғай отырып, қоғам мүддесін қатар қорғайтындай жүйені әзірлеу қажет.

Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі формуласы.

Келесі фактілер бойынша үнсіз қала алмаймын.

1. Астанада ЖРТ құны өте жоғары. Ақша жұмсалып кеткен (кез келген сарапшының алдында бағаның кем дегенде 3,5 есе артық екенін дәлелдей аламын). Артық жұмсалған сома жүздеген миллиард болып есептеледі. Бұл көптеген қарапайым азаматтарға белгілі. Бұл туралы жақында бәрі жазды, әсіресе, белгілі патриот Мұхтар Тайжан. Бірақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресшілер тарапынан ешқандай іс-әрекеттер естімейміз және көрмейміз. Осы бойынша мен жақында подполковник шеніндегі Ұлттық бюроның бір қызметкерімен әңгімелестім. Ол маған: «алдымен салып болсын, сосын оларды жақсылап тексерейік» дейді. Өздеріңіз қорытынды жасаңыздар.

Тұтастай бір жыл ішінде Ұлттық бюро құрамы, мысалы, 2018 жылы мемлекетке 18,0 млрд.теңге қайтарды. ЭКСПО бойынша, шамамен 1,5-2,0 млрд теңге, үлкен жымқыру орын алды. Ахметжан Смағұлұлы Есімов шусыз, пиарсыз тыныш қана шамамен 100,0 млрд теңгені үнемдеді, бұл да «Ұлттық бюро» тарапынан жүйелі жұмыстың жоқтығын білдіреді.

Егер Ұлттық бюро жыл сайын 18,0 млрд теңгеден үнемдеп отырса, 20 жыл ішінде бұл 360,0 млрд теңгені құрайды. Ал 40-қа жуық адамнан тұратын шағын комитет (Су ресурстары комитеті) 1,0 триллион теңгеге болжанған шығынның алдын алды. Бұл шығындар республикалық бюджет комиссиясымен мақұлданған, Үкіметтің қаулысымен бекітілген болатын.

Шағын комитет жалпы млрд.теңгеден артық үнемдей отырып ел бойынша ауыз сумен жабдықтау проблемасын шешуді ұсынады. Бұл ұсыныс екі жыл бұрын енгізілген. Бірақ әлі күнге дейін ол қабылданбады және кері қайтарылмады. Ал, оның дәрменсіздігін ешкім дәлелдеген жоқ...

Ұлттық бюро бұл ірі мәселелерге еш назар аудармайды. Жеке процестермен әуестенеді. Біз бұл жұмысты жүргізудің қажеті жоқ деп айтпаймыз. Бірақ басты мақсат – бюджет қаражатын үнемді және тиімді жұмсау.

Ұлттық бюроның қызметкерлері 5 немесе 50 миллион теңге сыбайлас жемқорлық үшін қандай да бір басшыны ұстаймын деп, ел экономикасына миллиардтаған, ал кейде ондаған, жүздеген миллиард теңге шығын келтірген мысалдарды көптеп келтіруге болады. Біз ұстауға болмайды демейміз, бірақ бұл ретте ел экономикасы зардап шегуге тиіс емес.

Қазір мен мысалдар келтірмеймін, егер бұған біреудің дауы болса, онда толық дәлелмен мысалдар келтіремін. Сол кезде кінәлілер мемлекетке келтірген миллиардтаған залал үшін толық қылмыстық жауапкершілікке тартылуы тиіс. Бұр ретте БАҚ беттерінде ашық пікірсайыс болатынын ескерткім келеді. Бүкіл халық өз «батырларын» білсін.

Қазір халық құқық қорғау органдарынан жаппай қорқады. **Жазушылар, ақындар, әншілер, ғалымдар, құрылысшылар, мұғалімдер, дәрігерлер, судьялар, прокурорлар, халықтың бәрі дерлік сыбайлас жемқорға айналды. Бәрінде «тың тыңдау үрейі». Бәрі Ұлттық бюроның қызметкерлерінен қорқады. Кез келген адамды сыбайлас жемқор жасауға болады. Басшыға қарсы кез келген куәлік басшы кінәсінің 100 пайыздық дәлелі ретінде қабылданады.**

Ұлттық бюро қызметкерлері арасында да сыбайлас жемқорлар жеткілікті. Әрине, бұны дәлелдеу қиын. Бірақ «отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге жайылады» деген мақал бар. Халық бәрін естиді, бәрін біледі.

Қорытындылай келе мынадай ұсыныс енгіземін:

1. Қорғаныс және қауіпсіздік жобаларынан басқа бағасы 100 млрд теңгеден асатын барлық жоба бүкілхалықтық талқылаудан өтуі тиіс.
2. Мемлекеттік сатып алу бойынша тәжірибелі мамандар мен салалық мамандар қатарынан сыбайлас жемқорлықты жою бойынша талдамалы жұмыс тобы құрылсын.
3. Жұмыс тобына салалық ведомстволар, әкімдіктер мен еліміздің азаматтары белсенді түрде көмектесуі тиіс.
4. Талдау тобының барлық жұмысы ашық болуы және оған елдің әрбір азаматы қол жеткізуге оңай болуы тиіс. Кез келген ұсыныс ескерілуі және пайдаланылуы тиіс.
5. Барлық жұмысты НҚА-ға түзетулер енгізуді ескере отырып, 7-8 ай ішінде аяқтау қажет.
6. Барлық жұмыс аяқталғаннан кейін Сыбайлас жемқорлық істері жөніндегі агенттіктің функцияларын ІІМ-ге бере отырып тарату және оның құрамынан сауатты, адал 10%-ын ІІМ-нің қарамағына ауыстыру қажет.

Мен бұл мақаланың менің жағдайыма қатты зақым келтіруі мүмкін екенін түсінемін. Бірақ шындық қымбат деп ойлаймын. Қоғамның әл-ауқаты жеке адамның әл-ауқатына қарағанда әлдеқайда қымбат.

*Ислам ӘБІШ*



# ҒЫЛЫММЕН ҰШТАСҚАН ЕҢБЕК – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

**Ислам Әбішевті көпшілік іскер басшы, сан-салалы су шаруашылығының шебер ұйымдастырушы ретінде жақсы біледі. Ал, біз бұл жерде оның бір ғана қырына – ғылымға деген қамқорлығына тоқталмақшымыз. Түркістан облысында жарты ғасырға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқан «Оңтүстік Қазақстан гидрогеолого-мелиоративтік экспедициясы» бар. Оның немен айналысатыны атауынан-ақ айқын көрініп тұр. Себебі, мелиорация сөзі латын тілінен аударғанда жақсарту деген мағынаны береді.**

Жерді жақсарту деген ұғымға оның топырағының құнарлылығын сақтау мен күшейту, оны су мен желдің эрозиясына ұшыратпау, өсімдіктердің өнімділігін арттыру, құм басудан сақтау, ағаш отырғызу және т.б. кіреді. Солардың ішінде ең ірі екі түрі – бұл суландыру және құрғату. Өйткені, құмның өзін шамадан тыс суландырсаңыз ол пайда емес, зиян әкеле бастайды.

Ислам Әлмаханұлы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалғаннан бері тек басшы ретінде ғана емес, өзі мелорация дегеннің игілігі қандай болатынын бала күннен көріп өскен, еліміздегі ең ірі суармалы өлкенің – Қызылқұмды Сырдарияның суы арқылы нәрлендіріп жатқан Шардара өңірінің тумасы, сол игіліктің елге жетуіне аз болса үлесін қосқан азамат ретінде бұл мәселеге үлкен көңіл бөліп келеді. Мысалы, ол 2017 жылдың көктемінде арнайы келіп, экспедицияның жұмысымен егжей-тегжейлі танысқан болатын. Танысып қана қоймай, суармалы жерді мониторингтау ісінде заманауи әдістерді кеңінен қолдану, соның ішінде бұл салада ғылыми зерттеулер жүргізуді жаңа биікке көтеріп, ғылыми кадрларды даярлау жұмысын қарқынды түрде жүргізу секілді өзінің нақты ұсыныстарын да айтқан еді. Ол мелиорация жұмысын жолға қоюдағы көп жылғы еңбегі мен мамандардың бірнеше буынын тәрбиелеп шығарғаны үшін К.Анзельм мырзаны «Құмет» орденіне ұсынды.

Мекеме мамандары бүгінгі таңда халықаралық форумдардың жұмысына белсенді түрде қатысып келеді. Солардың бірі, экспедициядағы қажырлы еңбегінің арқасында оның басшысының орынбасарына дейін көтерілген Мейіржан Эсанбеков Ташкент қаласындағы жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін ғылыми жұмыспен айналысып, оны қорғауға дайындап та қойған еді. Бірақ, оны қорғау үшін біздің елдің азаматына Өзбекстан үкіметінің арнайы рұқсаты керек екен. Исекең жас жігіттің ғылымдағы ауыр да мәртебелі жолын ашуға қол ұшын берді. Мейіржан бүгін тамыры терең, дәстүрге бай мекеменің басшысы. Демек, төрағаның еңбекті ғылыммен ұштастыра жүргізу берекені үстей түседі деген ізгі тілегі іске асып жатыр деген сөз.

*Әлмамбет ӘЗИЗҰЛЫ*

Ибрагим ИСА, ақын:

# Ақын деген кез келген



**– Бір апта бойы сізді қаладан таба алмадық. Естуімізше, елге барып, ағайын-туыстың ортасында аунап-қунап қайтыпсыз. Жұрттың көбі жастық шақта қалаға құмартқанымен, жасы келе бастаған уақытта ауылға аңсары ауып тұрады екен. Сіздіңше, қалай?**

– Бізді басқа ұлттардан ерекше бөліп тұратын басты қасиетіміз – ол туған жерге деген махаббатымыз, ауылға деген сағынышымыз, ағайынға деген қимас сезіміміз. Бұл қазақ халқының әу бастан қанына сіңген, жанына жақын, өзіне тән болмысы. Мен бұл жерде басқа ұлтты кемсітіп, абыройына нұқсан келтірейін деп отырған жоқпын. Бірақ кейбір мемлекеттің азаматтары күн-көрісі дұрыс, жағдайы жақсы болатын, жайлы жер іздеп кете береді. Олардың түсінігінде туған жерді аңсау, іздеу деген ұғым жоқ. Мәселен, біз әскерде жүрген уақытта «қашан үйге қайтамыз?» деп күн санап, сағат санап, сәт санап, жүрегіміз дүрсілдеп жүрсек, кавказ халықтарының өкілдері бізден «сендер жақта ақша табу оңай ма? Жолдары қандай? Сенімен ілесіп бірге барсам, күн көрісімді түзеп алам ба?» деп сұрайтын. Ақшаға, дүниеге құмартып, күтіп отырған әке-шешесіне барғысы келмейтін. Ал біздің туған жерге деген махаббатымыз алабөтен. Ол қасиет кімнің болса да, бойында бар шығар. Бірақ шығармашылықтағы, қалам ұстайтын ағайындарда бұл қасиет артығырақ, көбірек кездеседі деп ойлаймын. Олардың бар ынтасы, ықыласы көлденең табыс немесе басқа шаруалар төңірегінде емес, туған жері, өскен елі, дос-жараны, ауыл-аймағына ауып тұрады. Жатса да, тұрса да ойлайтыны сол туған жердің әр шұңқыры, ойы-төбесі, тауы-тасы ешқашан көңілден кетпей, ыстық болып жүретіні сондықтан.

**– Әупірімдеп алпысқа қадам бастыңыз. Жетпіс-сексенге толғандар «қайран, алпыс» деп көкіректері қарс айырылып, күрсініп жатады. Бағамдай алдыңыз ба, алпыстың бағасы неде екен?**

– Алпыс деген әр елдің шекарасын айқындау үшін бөліп қойған сызықтар сияқты, адамның жас мөлшерін, өмір сүрген уақытын белгілеу үшін жасалған дүние ғой. Әйтпесе, алпыс деген үлкен асу немесе көпір емес, аттап өткеннен кейін бергі жағында алпысқа дейінгі өмірің қалып қойып, арғы жағында басқа өмір басталатын... Сол жылжып ағып бара жатқан өмірдің заңды жалғасы. 59 бен 60-тың айырмасы жоқ. 60 пен 61-дің де айырмасы адамға сезілмейді. Мәселен, ескі жаңа жыл алдындағы 31 желтоқсан күнгі табиғат пен 1 қаңтардың да арасында ешбір өзгеріс болмайды. Сол табиғат, сол тіршілік, сол баяғы таң атып, күн батады. Бірақ бұл жерде адамның көңілі басты рөлге шығып тұр. Мерейтойға келгенде де сондай көңіл күйді бастан өткересің. Тек әр адам алпысқа әртүрлі жағдаймен келеді. Біреулер шаршап-шалдығып, біреулер ауру-сырқаумен, жүдеңкіреп, енді біреулер құр аттай тың жетеді. Түріне қарасаң, шөгіп, демде шал болып қалғандар да бар. Біздің алдымызда кейбір жетпістегі ағаларымыз әлі күнге шауып жүр. Сөзіне қарасаң да, өзіне қарасаң да ширақ...

**– Өзіңіз қалай жеттіңіз....**

– Өзім алпысқа жаман жеттім деп айта алмаймын. Бір қуаныш, бір үрей адам бойында үнемі жүреді ғой. Екеуі қатар жүрмесе, онсыз өмірдің мәні де, сәні де болмайды. Үрей адамның бойында қорқыту үшін емес, өзіңнің кеше бірге жүрген қатарларың, үзеңгілес достарың сен жетсем деп жүрген жасқа жетпей, дәл өзің сияқты денсаулығы да, жүріс-тұрысында да еш кемшілік жоқ болып жүріп, солардың аяқ астынан, себептен-себепсіз қылжиып қалғанына, о дүниеге аттанып кеткенін ойлаған кезде... туады. Олар бірен-саран болса екен, біздің қатарымыздан кеткендер көп. Кеңшілік Мырзабеков, Жарасқан Әбдірашев, Сағат Әшімбаев, Жұматай Жақыпбаев, Тынышбай Рахимов, Марат Қабанбай, Дәуітәлі Стамбекұлы, Ерлан Бағаевтың барлығы 40 пен 50-дің арасында мәңгілікке аттанды. Солардың денсаулығы сыр беріп, «ана жер, мына жерім ауырды» деп айтып, қиналып жүргенін көрген жоқпын. Тағдыры солай жазылған соң, бәрі бір Алланың ісі деймiз де қоямыз ғой. Бірақ соларды ойлаған кезде алпысқа жетем бе, жетпеймін бе деген күдік үнемі мазалап жүрді. Аман-есен жеткен кезде бойында бір қуаныш пайда болады екен. Сол қуанышымды ел-жұртыммен, ағайын, дос-жарандарыммен бөлісу үшін ел жаққа барып қайтқан бір себебім де сол еді. Аллаға шүкір, «ағайынның азары болса да, безері жоқ» дейді қазақта. Ағайын-туыстың болғаны жақсы ғой, өйткені, олар да өз арасынан халыққа қадірлі, елге белгілі, әулеттің атын шығаратын адамдардың болғанын жақсы көреді. Қадірлеп, құрметтейді. Сондай артымызда тіреу, арқа сүйер ағайынымыздың барын біз де мақтаныш етеміз. Мені алпысқа толды деп, ат шаптырып, той жасаған ағайындарыма үлкен алғысымды білдіремін. Әулеттің бас көтерер ақсақалдарының, іскер азаматтардың ауызбіршілігінің арқасында елдегі мерейтойым өте жақсы өтті.

Менімен бірге қаламдас бауырларым, қазіргі қазақ әдебиетінде кім бар дегенде аттары алдымен ауызға ілінетін аға-інілерім, қазақтың қабырғалы қаламгерлері Исраил Сапарбай, Ғалым Жайлыбай, Бауыржан Жақып ілесіп барды. Олардың да көңіл-күйі жақсы болды, ризашылықтарын жасырмады. Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Мұрат Мұхамедов қолынан келгенше елмен кездесуге мүмкіншілік жасады. Елдің аты – ел. Одан суып кетуге де, ренжіп кетуге де болмайды. Ешкімнің оған қақысы жоқ. «Су ішкен құдығына түкірме» дейді. Әлемдік қаржы дағдарысы болып жатқан кезде ешкімнің ешкімге өкпелейтін, міндет қылатын уақыт емес. Сондықтан, облыс басшыларының қайраткерлік танытқанына қуанып, әдемі кеш өткізіп қайттық.

**– Демек, туған жерге барып, шығармашылық есеп беріп келдіңіз. Қалай ойлайсыз, есебіңіз түгел ме?**

– Әр адам барлық уақытта сырт көзге төрт құбыласы тең сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ ол қандай адам болса да, мейлі патша болсын, мейлі дүниенің байлығына шомылып отырған миллиардер болсын, бәрібір о дүниеге кетер кезде, бір сәт өткен өмірі жайлы ойлануға, есеп беруге мұрсат берсе, еш пенде «барлық нәрсемді түгелдеп, армансыз кетіп бара жатырмын» деп айта алмайды. Бұл жарық дүниеден ешкім түгенделіп кетпейді. Бірақ барлық дүниеге салыстырмалы түрде, шүкіршілікпен қарауымыз керек. Бұл тұрғыдан келгенде, мен өзім Алла тағаланың бұйырығы шығар, көмегі шығар, өмірде түзу жолмен жүрдім, көңілім толатындай жағдайдамын деп айта аламын. Оның себебі отбасым, шаңырағым Құдайға шүкір, түзу. Үш ұлым бар, үшеуі де үйленген. Бес немерем бар. Өмірдегі қуаныш осы ғой. Қазір денсаулығы сыр бермейтін адам жоқ, денсаулығынды айтып жылай бергенмен, одан ол түзеліп кетпейді. Сондықтан басым аман, осындай жап-жақсы болып жүргеніме шүкіршілік жасаймын. Барлығына қанағат, тәуба. Ал басқа жағынан келгенде әлі де көңілім толмайтын жағдайлар жеткілікті. Ол – шығармашылық жағынан, материалдық жағынан «көп нәрсе жасай алмадым-ау» деген өкініш. Алтын кезеңдерімді, қымбат уақыттарымды босқа өткізіп алдым-ау деп қынжыламын. Алпысқа келгеннен кейін әрмен қарай қайтадан өмір бастайтын, қайтадан күш-қажыр жинайтын, қайтадан тіршілік жасайтын жас емес. Сондықтан, шығармашылық жағынан ертерек қимылдап, көбірек уақытымды бөлу керек еді, маңызы, мәні, әлі де халықтың, оқырманның, өзімнің көңілімнен шығатын дүниелер қалдыра алатын едім ғой деген ойлар мазалайды. Көңілде бәрі сайрап тұр, іште жатқан, сыртқа шықпаған айтылатын сыр көп. Бірақ солардың бәрін жариялайтын уақыт сынаптай сырғып өтіп кетті-ау дейтін күрсіністер бар. Оған қоса, материалдық қиыншылықтар болып тұрады. «Мен сәл пысығырақ болғанда, жағдайым бұдан да жақсы болатын еді...» дегендей... Дегенмен, Құдайға шүкір, қатқан нанды суға батырып жеп отырған жоқпыз ғой, ел қатарлы өмір сүріп жатырмыз. Тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк, көңіліміз бүтін. Барына қанағат деймiз.

**– Несіне өкінесіз? Қайта кейбір кісілер зейнеткерлікке шыққаннан кейін бұрқыратып жазып жатады ғой...**

– Дұрыс айтасың. Бірақ мен бір нәрседен қорқып жүрдім. Елуге толғанда, ол қорқынышым көбейе түсті. Алпысқа жақындағанда, тіпті қорқа бастадым. Бірақ өзімнің жазған дүниелеріме, жазып жүрген шығармаларыма қарап, ол бекер екеніне көзім жетті. «Кішкене жастау, отыз-қырықтағы кезіңдегі шешім, сол кездегі жазу мүмкіншілігін уақыт өте келе бәсеңдейді, сол кездегі сезімдер әлсірейді, сен қанша күшенгенмен, сол кездегі сезімдерді, сол кездегі көңілді жеткізіп бере алмайсың. Сен әрмен қарай қанша талпынғаныңмен, жас кезінде жастық жалынмен жасайтын дүниелерді жасай алмайсың» деген әңгімелерді де құлағым шалып, әр жерден көзім көріп қалып, оқып жүрдім. Алдындағы өкініш дегенім сол, осы уақытқа дейін көп нәрсені бітіре алмай қалдым-ау, бұл мәселелер енді шықпай қалады-ау, уақытты жіберіп алдым-ау деген өкініштер еді. Сөйтсем, жоқ, олай емес көрінеді. Адамның бойында бар қасиет, қабілет өлмейді екен, картаймайды екен. Ақынның қолын байлайтын бір ғана жағдай. Ол тағы да материалдық тұрғыда. Мысалы, үйінде пәтерақыны төлей алмай, балаларының бас-аяғы бүтінделмей, тиын-тебенің жетпей, әйелінің көңіл-күйі болмай, қабағы түсіп, күңкілдеп жүрсе, мұның бәрін көріп, сезіп, естіп отырып, көңілденіп отырып, ойдағыдай жұмыс істей алмайсың ғой. Көп нәрсе емес, отбасыңның кем-кетігін түзейтін жағдайың болса, сосын басқа дүниені ұмытып, рахаттанып отырып шығармашылығыңа кірісесің. Міне, сонда алпыстан кейін болсын, жетпіс, сексеннен кейін болсын, көп нәрсе тындыруға болады. Әбділда Тәжібаевтың өмірінің соңғы жылдарындағы поэзиясын оқыңызшы, баяғы жас кезіндегіден әлдеқайда жалынды, қажырлы, қайратты өлеңдер жазды. Сондықтан, бойында қайраты бар, қабілеті бар қаламгерге жас ешуақытта кедергі болмайды деп ойлаймын.

**– Басқа дүниенің бәрін былай қойып, жиырма бесте, қырықта жырлаған мәңгілік тақырып – махаббатты дәл қазір алпысқа толғанда сол күйінде жеткізе алар ма едіңіз...**

– Махаббатты сезінген сол көңіл-күй алпыста да адам бойында жүреді. Сол нәзік сезім адамның жасы уақытқа бөлінгенімен, физикалық, биологиялық тұрғыда ағзамыз әлсірегенімен, шашымыз ағарып, бетімізге әжім түскенімен, махаббат ешқашан әлсіремейді, сезім картаймайды. Жүрекке әжім түспейді. Сол махаббатты қазір жырлап бер десең, сол күйіп-жанып, өртеніп, жиырма бесте жазған өлеңді қазір де жаза аламын. Бірақ ыңғайсыз көресің, ұяласың. «Мына шал алпысқа келіп, не деп былжырап отыр» деп айтады екен деп, кейінгі жас оқырмандардан ыңғайсызданасың. Екіншіден, ертең бала-шағаң, әйелің, немереңоқыса да, басқаша түсінуі мүмкін. Әйтпесе, «мен сені сүйіп қалдым, түнімен ұйықтай алмай шықтым» деп әкесін танытып, әлі де сол сезіммен жазуға болады. Бірақ қазір одан көрі салмақтылау, ойлылау, өзімізден кейін келе жатқан ұрпақтарға ой салатындай, халықтың көңіліне серпін беретіндей дүниелер жазғың келеді...

**– Сіз неге шығармашылық еркіндікке ерік бермейсіз. «Ел не дейді, бала-шағам не дейді» деп неге тартынасыз....**

– Жалпы, шығармашылықтың қай түрі болса да әруақытта таразының бір басында адамның ақыл-ойы, парасаты тұруы керек. Ойыңа не келсе, соны айта салуға, жаза салуға болмайды. Ойыңдағыны ақылыңа салып, елеп-екшеп, барып жазбасаң, ол соңынан саған қайтып айналып келіп, қолайсыздық тудырып, кері жағдайлар әкелуі мүмкін. Сондықтан сол жағын ойлайсың, әйтпесе ішкі шығармашылық еркіндігімді жоғарыда айтқандарым тұсап отырған жоқ. Егер сондай қажеттілік туып жатса, жаза беремін. Мысалы, мен әнге мәтінді көп жазамын. Әншілердің, композиторлардың көбі жастар ғой, өзің айтып отырғандай, «жастық махаббатты, албырт сезімді білдіретін мәтін жазып берсеңіз» дейді. Мен сол кезде солардың қалпына түсемін. Міндетті түрде жазып беремін. «Жоқ, айналайын мен ондай жастан өтіп кеттім, маған ондай өлең жазған енді ұят болады», – деп айта ал-

# ӘДЕМІ АТЫМ сыйлықтан кем емес

маймын. Өйткені, менің өзім де соны жазып, өз ішімдегіні сол сәтті пайдаланып шығарып қалғым келіп отыр. Ол мүмкіндікті жібермеуге тырысамын.

Несколько дней спустя премьер-министр Аскар Мамин уточнил дату, к которой город следует восстановить. «Как вы знаете, Елбасы и Глава государства поручили в срочном порядке восстановить город. Нам необходимо приложить все усилия для оперативного восстановления Арыси. Мы должны отремонтировать и построить все поврежденные и разрушенные объекты г. Арысь до 1 августа 2019 г.», – заявлял премьер.

Арысцев начали возвращать в родной город, в котором, как сообщила 1 июля пресс-служба министерства индустрии и инфраструктурного развития, в ремонте и восстановлении нуждались 85% домов. Глава ведомства Роман Скляр заявил, что работы закончатся в срок.

С этой задачей, как и с надлежащим обращением с боеприпасами, государство не справилось. Работы велись, в Арысь регулярно выезжали премьер, вице-министр Ускенбаев и аким области Умирзан Шукеев, но в срок явно не успевали. В начале августа, отрапортовав о восстановлении 90% домов, премьер-министр Аскар Мамин сообщил, что «восстановление всех 66 социальных объектов должно быть завершено к 20 августа».

Затем срок завершения работ перенесли еще два раза – сначала до 1 сентября, затем до 20 числа этого же месяца.

На протяжении всего этого времени у меня случались телефонные разговоры с арысцами. Меньше месяца назад Зарина, встреченная мной у центральной мечети Шымкента на следующий день после взрывов день, сообщила, что восстановительные работы идут медленно. «Ситуация такая же, люди на улице. Еле-еле двигается работа. Где-то залили бетон, а где-то нет. Я ночую в сарае, дети на квартире, бабушку отправила к родственникам», – сообщила она. Спустя месяц, по ее словам, ситуация изменилась не сильно – пару дней назад «начали заливать бетон».

Другая собеседница Vласти, Кристина, несколько дней назад сказала, что у нее похожая ситуация: «Сейчас только фундамент заливают. Только-только начали. У всех, говорят, не успевают – то стройматериалов нет, то еще чего-то, то с поставками не успевают».

То, что ходом восстановительных работ недовольны не несколько отдельных арысцев, свидетельствуют и другие источники. Так, 11 сентября на «Азаттыке» вышел репортаж о нескольких десятках местных жителей, которые, требуя восстановить дома, собрались у акимата. «Все разбрелись кто куда, сказав: «Денег нет». В селе имеются неотремонтированные дома. Народ обивает пороги акимата. Лишь в одном моем селе в домах произвели кровельные работы, заменили стёкла в окнах, покрасили фасад, однако много работы требуется по внутренней отделке. Они остались не выполненными. В других местах то же самое», – говорил местный житель Асатулла Сутбаев.

Сейчас, по словам Зарины, в городе появилась группа рабочих из Узбекистана. Женщина надеется, что это поможет. «Приехали люди из Узбекистана, они вроде обещают быстро сделать», – говорит жительница Арыси, которая, как и ее земляки, в последнее время слышала много обещаний.



*Двор, в котором должен быть дом Зарины. 11 сентября.*



*Там же. 16 сентября.*

**Данияр МОЛДАБЕКОВ**

*(в сокращении)*



Мақсат ТӘЖ-МҰРАТ,
әдебиеттанушы-ғалым,
эссеист

# Жоқшы ізден келеді

*(Соңы. Басы өткен санда)*

«Қазақтың ауызша тарихы» – кең құлашты, соған сәйкес көп планды, көп мағыналы, қымқиғаш үлкен зерттеу, сондықтан, біздің айтып отырғанымыз оның толқын-толқын, соқпа-соқпасындағы бір ғана мәселе болуы да мүмкін. Жалпы халықтың ауызша тарихын қорытып, өзіне ұсыну деген міндеттің үдесінен абыроймен шығып отырған еңбек жайында қабырғамыз сөгіңкіреп, қылышымызды шарболаттай қайрап айту қаншалықты артықтау болса, білімді білгірсіп кету, буынсыз тілге ерік беру де соншалықты артық. Мұхтар Әуезов соңғы хаттарының бірінде қазақта мәдениетті жұрттардағыдай еш «алайдасыз» пікір білдіру жоқ екендігін айтып налыған екен. Ащы рас сөз. «Біткен істің мін жоқ, бітірген ердің кемі жоқ» дейтін ұлағат қазаққа дарымайақ қойды. Осы орайда Ақаң сияқты мүлдем тың тақырыпқа қол артқан авторға көрсетілер көмектің үлкені – «Қазақтың ауызша тарихын» әлі мәресіне жетпеген жолаушы деп қабылдап, алдағы, толықтырылатын басылымдары үшін материал жеткізу, ескертпе беру. Ал қазірдің өзінде орасан қатасыз шығып отырған ҚАТ – осы күйінде-ақ қазақ үшін тау тұрғызғандай еселі еңбек!

728 бет. 60 баспатабақ. Көрінбейтін түймеден, сабақталмаған инеден тұратын елеусіз әрі машақаты көп жұмыс. Біздің есебімізше, бұл кітаптың аяқталған уақыты 2008 жыл болғанымен, бастап тағанын тартуы одан әлдеқайда бұрын. Ең кемі 40 жыл қинаған-ау толғағы. Олай болса, Ақаңның буған дейінгі жаздарының бәрі – ҚАТ-қа бастап әкелген басқыштар болады да. Олай болса, ағамыз өз ісіне тура космонавтарша әзірленгені де. «Кәнігі зергер кәтекі, орынсыз дүкен құрамайды». Соның ішінде ілгеріде біз сөз еткен 80-жылдар – Ақаңның зерттеуші ретінде нағыз кемеліне келіп, кержорғасына мінген шағы. Тыныштық кезең, тұсау кеңіп, арқан ұзарыңқыраған. Асылы, қайта құрудың салмағын 60-жылдарғы «жылымықта» ұтылғандар көтерді дейтін пікір шындыққа жанасымды болар. Оның үстіне Ақаң дәл сол жылдары республикалық беделді басылымды басқарып тұрды. Мұның өзі зерттеуші ретінде эксперименттік талдамалары мен концепциялық жүйелерін сыннан өткізіп көруге мүмкіндік берді. Жалпы, Ақселеу Сейдімбек тұсындағы «Білім және еңбек» әлігe дейін өз бағасын ала алмай келеді.

«Білім және еңбек» сол жылдары Шерағаң шығарып тұрған «Қазақ әдебиеті» сияқты әлеуметтік шындықты жазып, билікті тықсыратын басылым болған жоқ. Ондай батылдықты журналдың Ақаң алдындағы басшысы Бейбіт Қойшыбаев басқарған ұжым танытты. Ал Бекеңнің алдында журнал бірде таза ғылыми-техникалық, бірде фантастикалық бағытта шығып келді. Сейдімбеков тұсындағы «Білім және еңбек» болса ең алдымен елдің алтын арқауы, жұлыны – зиялы қауым оқитын, тиісті әзірлігі бар адамдар қатысатын басылым еді. Қазір жұрт жер-суға түсірмей мақтап жүрген басылымдардың талайынан артық бола тұра, бірақ журнал қалың қазаққа көп таралыммен тарай алмады. Оның басты себебі, Ақаң үкілеген, Ақаң түрлеген басылым заманынан озып туғандықтан, ғауам қазақ мандытып түсінбеді аяқ алысын. Соның өзінде журнал бетінде, егер оқитын көз болса, селт еткізіп, ойға қалдыратын талай мәселе көтерілді. Ең ғажабы, солардың көпшілігі Қалағаң: «Академияның қалбырға салып тастаған милары», – деп түйреген академиялық бағыттағы ғылым иелерінің қаламынан қорытылып шығып жатты. Себебі, басредтің өзі олардың қай-қайсысымен де терезесі тең отырып сөйлесе алатын сұңғыла ғалым, спорт тілімен айтқанда, голға доп шығарып беретін диспетчер-жетекші еді. Сонымен бірге ол басылымға есімі үнемі ел есінде жүретін, қазақ мәдениетіне өзгеше із қалдырған М.Дүйсенов, С.Ақатай, Б.Ибраев, Ж.Бабалық сияқты қалыпқа сыймай жазатын ізденгіш авторларды тарта білді. Мысалы, «Білім және еңбек» бетінде Сәбетқазы Ақатай жариялаған Айтматовтың «Боранды бекет» романының этнографиялық сипаты жайлы терең мазмұнды мақаланы, Жағда атамыздың қой бас сүйегінің 400-ден аса атауын жіліктеп берген этнографиялық жарияланымын қазіргі көзің мұзға тайғандай сырғанап өте шығатын баспасөзден пар атпен іздесең таба алмайсың.

Ақаңның әуелгі ДАТ-ы мен бүгінгі ҚАТ-ының бастауында жатқан В.Юдин мақаласы да алдымен «Білім және еңбекте» жарияланғанын айту жөн. Кім екені дәл есімде жоқ, сірә, С.Ақатай болар, әйтеуір бір автор Юдиннің соның алдында ғылыми жинақта шыққан «Орда: Белая, Синяя, Серая, Золотая...» дейтін мақаласын «Ақ Орда, Көк Орда, көп орда...» деген атой тақырыппен келістіре аударып жариялады. Өзімізге талай жыл әке-көке болған халықтың өкілі далалық тарихқа мәдениет жасаушы елдің мәдениет тұтынушы елге қарайтындай тұрғыда тұрып қарағанын ол кезде аңғармаппыз. Мұндайда біреулер Пәленшекеңнің Түгенше дейтін еңбегімен таныстығын білдіріп қана қояды ғой, ал Ақаң кітаптарында бұл жайды тақияға тас тастағандай етіп анық жазады, яғни ҚАТ – Юдин меңзеген жалпы далалық, жалпы түркілік ауызша тарихнама (историография) да, тарих зерттеу (историология) де емес, қазақ халқының төл тарихын зерделейтін шежірешілдік дәстүр екендігін қадап айтады. Юдиндік СУИ – сейдімбектік ҚАТқа ойтүрткі (идея) болуы мүмкін, бірақ оның өзі де емес, құлпышары да емес, тіпті десе Ақаң оған жанынан алып жан, қанынан алып қан қосты деп те айта алмайсың. Өйткені, ҚАТ-тың жүрегін соқтырып тұрған қан тамыры басқа. Ол – қазақы қымбат қасиеттеріміз, қазақы құндылықтарымыз, дәмді дәстүріміз, сарқынды салтымыз. Нән кітапты бір деммен оқып шығып, соңғы бетін жапқан соң, мұқабасын аялай сипап отырып, өзіңнің қазақ болып туғаныңа қуанатының.

Осы сезім ғой 1986 жылы қоғамдық қопарылыс жасаған. Сол бір «қалдықтардың бетпердесін ашу», «бет ажарына қарамай аластау» науқанында Ақаң басред ретінде нағыз толысқан тұсында, оқырманын ұйытып келе жатқанында орнынан кетуге мәжбүр болды. Ұлтшылдығы үшін қуғын шекті. Қызмет жағынан ауызға аларлықтай кемшілік таба алмаған соң тағылған ілік емес еді бұл. Ақаңның ұлтшыл екендігін ол кезде жұрттың бәрі бесе білетін. Оны айтасыз, Желтоқсанда алаңға шыққандардың дені «Қазақ әдебиетін», «Лениншіл жасты», «Жұлдызды», «Білім және еңбекті», қырғызша айтқанда, «оқып жатауыс» болғандардан еді. Осылар еді масаша ызыңдап, шыбынша шағып, қазақтың күн ұзын өліп қалған намысын дем салған бақсыдай қайта оятқан. Осы баспасөз еді алтыннан ардақты қазынамыз – жастарымыздың көңіл көкжиегін кеңейтіп, ойына ой қосып, рухын жоталандырған. Көпті азайтып, азды көптей өсірген. Барлық қазақ бір кісіден туған дейтін ойды сіңірген. Ақаң мұны «этнозерде» дейді. Қайсар санагер өзі кетіп бара жатып, журналдың атын «Зерде» деп өзгертіп үлгерді. Осы сөзбен өзінің Совет Одағы кезеңіне тиесілі межелі жұмысын аяқтаған шығар деп топшылағанбыз. Жоқ, ғылымға ауысып, бірыңғай шығармашылық жұмысқа кенткеннен кейін де тыныштыққа бой ұрып жатып алмай, зерденің байлануына әкеп соғатынның бәрін айтып, жазып, көрсетумен болды. Саясаттың аспаны бұлттан толық ашылмай тұрыпақ баспасөз бетінде «отаршыл мен озбырға отамалы оқ атып, ойпаңнан да боратып, қайқаңнан да боратып» жатты. Терін басып алып, іске қосқан «ауыр артиллериясының» нысанасына Сырымбеттегі Айғаным шартағын қалпына келтіру, Үстірттегі пантеон-қорымдарды зерттеу, 1990 жылы Қазақстан арқылы өтетін ЮНЕСКО-ның «Жібек жолы» экспедициясының он күндік сапарына әзірлену сияқты мәселелер ілігетін. Біз он кітап жазғанша, оныңа балап бір кітап жазам деп жүргенде ұлт үшін қашан да отқа күйіп, табаға қуырылып отыратын Ақаң тарих-қарияның иіп тұрған сәтін пайдаланып, бір арба кітап жазып, талай ғасырды көзінен көгендеп тастады. Бұл – қарқынды ғана аттың аяқ алысы емес, ұзаққа сілтейтін үдемпаз жүйріктің белгісі. Қамшысы – «айтқан үстіне айта түсу» принципі.

Сөз сірәсі келген соң орағытып өтуге болмайтын бір жағдай бар.

Әдетте проза ғана тән алатын көпкітаптық дәстүрді поэзиямызға Қадыр Мырза Әли әкеліп, бір тақырыпта мақсатты түрде тоқтап, желілеп жыр жазса, эссеистикамызда көпкітаптық дәстүрді алғаш Ақаң қолданды.



Біз бұл жерде «эссеистика» дейтін сөзді саналы түрде қолданып отырмыз. Кезінде Ақселеу Сейдімбекті қай жанрда жазатын жазушы деп тану жөнінде оңды пікірталас болған. Әдебиеттану білетін жанрлар мен жанрлық түзілімдерден бірде-біреуіне лайығы келмей қойғаннан кейін, Ғабаң (Ғабит Мүсірепов): «Ақселеу – әзір ешкім түстеп білмейтін, алабөтен жанрдың қаламгері», – деп кеткен-ді. ҚАТ кітабына жазған түйін мақаласында осы мәселені Жамбыл Артықбаев та қозғаған екен. Ғалым ағылшын этнографы Э.Листің этнографиялық монографияның кейіпкерлері автор тұлғасымен қойындасып кететін тарихи романға ұқсатқан иікірін келтіріпті. Ой саларлық сөз.

Сейдімбек – басқасын былай қойғанда, өмір тәжірибесін дөңгелете суреттеп бере алатын дарынды жазушы. Бірақ тіл шеберлігі, стиль мінсіздігі, ең бастысы, дерек-дәйектердің шығарманың түпөзегіне (замысел) үйіріліп, үйірсіктеп кеп, кенет шиыршық атып қоя беретін композициялықсюжеттік ерекшелігі оның жазғандарын эссеистиканың сүт кенже жанры – дәйектеме-романға (инфороманға) жақындатады. Бұл романдарды өзгеден алабөтен даралап тұрар нәрсе – кейде шығарманың ішіне, кейде соңына әдейі шашып жіберетін шағын әңгімелер. Кәдімгі Шығыстың ұлы әңгімелеріне тән туындыны тиектеу (обрамление) тәсілі. «Қазақтың ауызша тарихы» іргелі зерттеуінде түйіндеме ретінде сондай 15 мөлтек әңгіме беріліпті. Автор әлденеге «Этнографиялық түйін» деп атаған олар, біздіңше, этнографиялық сипаттағы, бірақ өмірдің жалт еткен бір көрінісін дөңгелете суреттеп беретін метонимиялық принциппен жазылған кәдімгі новелла. Оларды тебіренбей, еміренбей, көзіңе жас үйірмей оқу мүмкін емес.

Мәселен, осындағы «Жылу» новелласы. Автордың бала кезінде абайсызда өздері отырған киіз үйді өртеп, алғаны жайында. Үй өртке оранған күннің кешінде ауыл адамдары жабыла қимылдап, жаңадан үй көтеріп, үйі күйгенді жылулау үшін жиналған дүние-мүлікті тантүйнақтай етіп жинастырып, ең соңында шашу шашып, шешесіне босаға аттататын көріністі оқып отырғанда есіме биыл қоңыр күзде ауылымызда болған бір оқиға түсті. Дәл Ақаң әңгімесіндегідей, онда да ағаш қақырадан құрастырған үй әп-сәтте түгі қалмай жанып кеткен. Әйелі екі баласын алып төркініне кетіп, үйде анасымен қалған сабақтасым Амантай жалын оранған үйден шешесін таба алмайды. Ақаң әңгімесіндегі ауылдың бір жігіті басын шүберекпен орап, үстіне бір шелек суды құйып жіберіп, ішке кірмекші болып ұмтылады ғой, мұнда да көршінің жігіті терезеден қарғып түсіп, бірақ қанша іздесе де таба алмай шығады. Сөйтсе, қапелімде есі шығып кеткен шешей дәліздің есігінің қалқасына барып жасырынған екен. Өзіміз қолынан талай дәм татқан Ажар апамызды жұрт орны ғана қалған үйден көйлегінің қиқымынан танып алады.

Хош, оқиғаның соңы не болды дейсіз ғой? Амантай ағайын сағалап жүр. Қарттың баласы, тағы бір сабақтасым Рашид Құралайын ертіп бір барғанында төрт мәшине шебеңкі түсіртіп, теледидар апарыпты. Басқа жұрттан леп жоқ.

Шыны керек, бұрынырақта ұлт, Отан намысы жөнінде өктек ащылау СӨЗ естісем, не оқи қалсам, «Тап осыдан қайғы-қасірет жасап керегі не?..» деп ойлайтынмын. Ақаң кітабын оқып, оған өрелестіре күнделікті өмірде өзіміз оншалықты мән бере қоймайтын бірқатар жайды ойға оралта отырып, Ай мен Күннің аманында әлдебір асылымыздан айырылып қалғандай күй кештім. Қазақы құндылықтарымыздан қаншалықты ажырап қалғанымызды өзегің өртене отырып сезінеді екенсің. Сондайда, Ақаң ұстанған «айтқан үстіне айта түсу» принципінің бүгінгі қазақ үшін қаншалықты дұрыс, қаншалықты өткір, қаншалықты зәру екендігін еріксіз мойындайсың.

***Қаламының мәнері бөлек, ой ырғағы, сөз саптауы айрықша ақын Жүкел Қамайұлы алпыс жасқа толды. Ақын замандасы туралы: «Жалпы, поэзия дегеніміз – біздің жан-дүниемізден тыс, шалғайда тұрған өзге бір әлемді жақындатып беруімен де өлшенеді ғой... Өлеңдерінде жалған бейне, жалған ой, жалған сөз жоқ, сәбидей аңқылдап келіп, көргенін білгенін сол қалпында алдыңа жайып салады. Аңқау, аңқау бола тұра, таза, өте пәк... Иә, жалған сөзбен немесе көшірме сезіммен өлең жазуға нағыз поэзияда тиым салынады» – деп өзі де айтатынындай, Жүкел өлеңіне де адалдық тән. Төменде ақынның бір шоғыр жыры ұсынылып отыр.***



Жүкел ҚАМАЙҰЛЫ

# АРҒЫ БЕТТЕН
# Әппақ самал ескендей...

### ОТАНДЫ СҮЮ

*Өзгеден,*
*Сұңқар құс қалай ұшуды,*
*Сұры киік қалай жосуды,*
*Сұрамайтыны секілді,*
*Отанымды қалай сүюді*
*Сұрамадым, мен!*
*Өзгеден,*
*Ана баласын қалай тууды,*
*Ай аспанда қалай толуды,*
*Сұрамайтыны секілді,*
*Отанымды қалай сүюді,*
*Сұрамадым, мен!*
*Өзгеден,*
*Балық қалай жүзуді,*
*Бала қалай сөйлеуді,*
*Сұрамайтыны секілді,*
*Отанымды қалай сүюді,*
*Сұрамадым, мен!*
*Өзгеден,*
*Таулар қалай тұруды,*
*Тұлпар қалай тарпуды,*
*Сұрамайтыны секілді,*
*Отанымды қалай сүюді,*
*Сұрамадым, мен!*
*Өзгеден,*
*Жел қалай есуді,*
*Ел қалай көшуді,*
*Сұрамайтыны секілді,*
*Отанымды қалай сүюді,*
*Сұрамадым, мен!*
*Өзгеден,*
*Ағаштар қалай өсуді,*
*Адамдар қалай өлуді,*
*Сұрамайтыны секілді,*
*Отанымды қалай сүюді,*
*Сұрамадым, мен!*

### БАЗЫНА

*Маған әнеу жерден*
*Орын бере сал, Отаным!*
*Ешкім көзге елеп,*
*Жерсініп жатпайтын.*
*Қара шыбын, қоңызынан өзге*
*Иесі жоқ.*
*Ақкіс салған*
*Жиектей иір жымнан өзге,*
*Адасарлық бұрысы жоқ...*
*Өлең жазарда әркім сығалап,*
*Мазамды алмайтын.*
*Құрай, тікенегі ұйысқан*
*Бұйығы жер екен.*
*Маған әнеу алаңқайдан*
*Орын бере сал, Отаным!..*

***

*Қазақ дегенің,*
*Жағасы ашық болғанымен,*
*Кеудесі құрыш,*
*Көкірегінің тереңіне ой жетпейтін.*
*Аяғы маймақ болғанымен,*
*Тарамысы күрмеу,*
*Шалғанын жықпай*
*кетпейтін.*
*Өзі жаяу болса да,*
*Өзгеге жалғыз атын түсіп беріп,*
*Айдалада жүгенін ұстап қала беретін.*
*Қаңарынан қаймықпай,*
*Қалыңға жалғыз кірсе де,*
*Кәрі шешесінің алдында,*
*Құрдай жорғалап,*
*Бала бола қалатын,*
*Қабағы – қыс,*
*Көңілі – жаз болатыны қайда?!*
*Мына бір қызтекеңнің*
*Мінезін, түсінбей – ақ қойдым!..*

***

*Келер күндердің сағымындай бұлдырап,*
*Отаным неге мұңды жандай көрінеді?!*
*Көктем желіне түріле,*
*Қой-қозыдай шұрқырап,*
*Жырға толып жататын,*
*Алыстап байырғы күндері,*
*Отаным неге аңызақ желдей сезіледі?!..*
*Жазғы жайсаң мезгілде*
*Күн сәулесі тотығып,*
*Ақбоз үйдің туырлығындай,*
*Төскейлерін кір шалып,*
*Жалғыз аққу аспанда*
*Көз жасындай мөлдіреп,*
*Иен түзде самал жортып,*
*Күзеу жұртқа күй төгіп,*
*Шөңгел кірген табандай*
*Жүрегімді сыздатып,*
*Отаным неге мұңды жандай сезіледі?!*

### ӨЗ ЕЛІМДЕ

*Өз елімде,*
*Көк көгалын құлашымның жеткенінше,*
*құштым.*
*Өз елімде,*
*Көз тұмасын сарайымның ашылғанынша,*
*жұттым.*
*Өз елімде,*
*Көлбеген көп судың ағысы көкжиекке сіңгенше,*
*Көк Үйсіннің ақын ұлымен*
*Еркін аунап, сырластым.*
*Өз елімде,*
*Жеті суына жеті кезек бас идім.*
*Өз елімде,*
*Жеті суға жеті түнеп, көз ілдім.*
*Өз елімде,*
*Жетісуда жеті атамды*
*Жеті кезек еске алып,*
*Жеті таңның,*
*Жеті кештің шапағына сиындым!*

***

*Арғы беттен хат келіпті.*
*Әндетіп отырып жазғандай,*
*Көңілді баураған*
*Суының, жерінің иісін сіңіріп,*
*Үзік ойды жалғаған*
*Хат келіпті арғы беттен...*
*Талайдан мен естімеген,*
*Көркем сөзбен өрнектелген,*
*Әдемілеп төрт бүктелген,*
*Төске тағар тұмардай*
*Көзге жылы*
*Көптен күткен хат келіпті...*
*Бел асқан самалмен*
*Бірге ұшып келгендей,*
*Түсімде айтылған*
*Әдемі сөздерді тергендей,*
*Үміттің бедеріндей*
*Бір әдемі хат келіпті.*
*Арғы беттен*
*Әппақ самал ескендей...*

### ЫМЫРТТАҒЫ ӘУЕН

*Ыдырап, шашылған сейіл бұлттар,*
*Көн тулақта сабалған жүндей көрініп.*
*Көпіріп ұшқан ақ қылшықтар,*
*Өлең туған түннің сәулесіндей сезіліп.*
*Түстіктің самалы шашымды тарап,*
*Түстікке қарай өлеңім ұшты.*
*Түстіктің құстары жүректе сайрап,*
*Түстіктің аңызы санамды құшты.*
*Шарапқа шалынып, масаң күйде,*
*Шымылдыққа көміліп,*
*Дүние иісі жанды билеп,*
*Қыз сырына күрмеліп,*
*Көгілдір көрпе, көгілдір шалғын,*
*Көгілдір сурет, көгілдір шарап,*
*Көгілдір жаңбыр, көгілдір ұйқы*
*Көгілдір бейнеге бой алдырып.*
*Керегенің басындағы өрмекші торының*
*Көрікті суретіне телміріп жатып,*
*«Шекара сызығына» белгіленген*
*Тақап қалыппын еліріп!..*
*Түстіктен ай шашымды өрді.*
*Түстіктен жаңбыр жастығымды көмді.*
*Түстіктен гүлдер жұпарын төгіп,*
*Түстіктен көркің көз алдыма келді!*



### ЕГІЗ ҮШ ӨЛЕҢ

#### 1. СӘРЕ АШАР

*Түсімде әкемді көрдім-ау, деймін!*
*Қолында бүркіті*
*Қанатын қоңыр шалған,*
*Үстінде барқыт қара шапаны*
*Мойнына дүрбі салған.*
*Астында баяғы көкжал құла,*
*Қамыс құлағын алды-артына*
*Қайшылаған!..*
*Түсімде әкемді көрдім-ау, деймін!*
*Бойы бұрынғыдан сәл ұзарып,*
*Қалған сияқты сақалы да бозарып.*
*Қызыл пұшпақ тымағындағы сарғылт үкі,*
*Көрінді ол да алыстан тым ағарып!..*

*Түсімде әкемді көрдім-ау, деймін!*
*Әлде нені айтқандай,*
*Ерінінен емеурін байқалып,*
*Ат үстінде жер аңысымен*
*Шайқалып,*
*Күміс белбеуінің бедеріне дейін*
*Ап – анық,*
*Тау бөктерлеп келе жатты*
*Күзеу жұртты бетке алып!..*

*Түсімде әкемді көрдім-ау, деймін!*
*Сөредегі жас құртты*
*Кезқұйрық іліп кетпесін деп,*
*Ақ құйрығын сарлықтың*
*Шешем ашаға байлап жатты.*
*Іргеде айран ұйып қапты,*
*Ағаш саптаяққа құйып ап,*
*Толтыра оны сапырып жатты!..*

*Түсімде әкемді көрдім-ау, деймін!*
*Теріскей толған қой екен,*
*Күнгей жақта қозы, лақ*
*Шұрқырайды маңырап,*
*Қазір жамырап кетердей-ақ!..*
*Шешем соған асықты ма,*
*Шала қалған ұшығын*
*Бітірместен,*
*Жинай салды төргі жүкке*
*Тігіп жатқан сырмағын!..*
*Түсімде...*
*Түсімде солай көрдім-ау, деймін!..*

#### 2. СӘСКЕДЕГІ КӨРІНІС...

*Күнге таласып,*
*Екі қоңыз бір-бірін*
*түрткілеп,*
*Кеміреді құ тамырды*
*Еріндері шөпендеп...*
*Киіз үйде*
*Шай құйылған кесеге*
*Күн сәулесі төгіледі*
*мөлтілдеп!*
*Сағым ойнап сексеуілді*
*Құаң шалған шағылда*
*Жүгіреді көлеңке іздеп*
*қақтағы сұры кесіртке...*
*Жерошақта тезек шоғы*
*Әлсіз ғана қызарып*
*Құрттай шалдың*
*Ақ шынтағы*
*Сіңіп барады жастыққа!...*

#### 3. БЕСІНДЕГІ КӨРІНІС...

*Киіз үйдің артында*
*Қара домалақ «көбелек»,*
*Атасының шақшасын*
*Салып алып қалтаға,*
*Қорсылдайды өкпелеп,*
*Қара жерді өкшелеп!..*
*Күн сіңген кекілінен,*
*Иіскемек болса әжесі,*
*Жолатпайды кемсеңдеп.*
*Батып барады алау күн*
*Көкжиекте таласып,*
*Батқан күнмен жарысып,*
*Тау қойыны қарауытып!..*

### КЕШ...
#### (Әжем Тоқанайдың рухына)

*Күндіз мұнда жауған бұлт*
*Сіздер жаққа кетіпті...*
*Салқын желге тоңазып*
*Ағаштар басын бүгіпті.*

*Үстірт жер ғой*
*Сіздерде...*
*Қырбақ ерте шалатын.*
*Көрпе жетер үйімде*
*Қауқар жоқ қой жабатын!..*

*Аяғыңыз созылған*
*Жаурар ма екен,*
*Әжешім!..*
*«Тоңбайды» десе де,*
*Ол жақта*
*Сезеді бәрін құ ішім!..*




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

# ЖАСЫЛ ХИМИЯ НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

**Жасыл химия – қоршаған ортаға зиянын тигізбей, керісінше жетілдіруге бағытталған тұтас химияның ғылыми бөлігі. Бұл бағыт XX ғасырдың 90-жылдары пайда болды.**

Химиялық реакциялар мен үрдістер әлемнің кез келген зертханасында толассыз іске асады. Бірақ, соңғы жылдары өндірушілер қауіпті элементтер мен зиянды қалдықтарды өндіретін химиялық реакциялармен жұмысты азайта отырып, оны өндірудің өзге жолдарын іздеуге кіріскен.

1998 жылы П.Т. Анастас және Дж.С.Уорнер «Жасыл химия теориясы мен тәжірибесі» кітабында «Жасыл химияның» негізгі 12 қағидасын атаған болатын.

Бұл қағидалар негізінде жұмыс істеу экономикалық әрі экологиялық тұрғыдан өндіруші мен адамзаттың дамуына септігін тигізеді.

1. Қалдықтарды қайта өндеп, тазалағанша, шығындарды болдырмау керек.



2. Синтездеу әдісін таңдағанда процессте қолданылған барлық материалдар соңғы өнімге максималды айналатындай әдісті таңдау керек.

3. Синтездеу әдісін мүмкіндігінше пайдаланылған және синтезделген заттардың барлығы адам мен қоршаған ортаға зиянсыз болатындай таңдау керек.

4. Жаңа химиялық өнім жасау кезінде бұрынғы жұмыс тиімділігін сақтай отырып, улылық мөлшерін азайту керек.

5. Өндірісте жанама заттар, еріткіштер немесе бөлгіш агенттерді қолданбауға тырысу қажет. Егер оларсыз мүмкін емес болса, онда олар зиянсыз болуы шарт.

6. Міндетті түрде энергетикалық шығындардың және олардың қоршаған ортаға әсерін, өнімнің құнын ескеру қажет. Синтездеу барысында қоршаған орта температурасына жақын температурада және атмосфералық қысымда жүргізген дұрыс.

7. Бастапқы және жұмсалған материалдар қалпына келетіндей болуы тиіс. Сонда ғана экономикалық және техникалық жағынан тиімді болады.

8. Мүмкіндігінше аралық өнімдер алынбайтын болуы тиіс.

9. Әрқашан каталитикалық үрдіс жүруі шарт.

10. Химиялық өнім оны қолданғаннан кейін қоршаған ортада қалмай, қауіпсіз өнімге дейін ыдырауы тиіс.

11. Аналитикалық әдісті дамыту керек. Себебі, белгілі бір уақытта түзілетін қауіпті өнімдерді қадағалау үшін қажет.

12. Химиялық үрдістерде қолданылған заттар мен олардың түрлерін таңдағанда химиялық қаупі (жарылыс, өрт, копару) минималды болатындай таңдау шарт.

*massaget.kz*

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Бір дарынсыз ақын Жәмиге өзінің жазған өлеңдерін оқып беріп:*
*– Даңқымды шығару үшін мен мұны шаһардың қақпасына қағып қоймақпын, – дейді. Сонда Жәми:*
*– Ойбай-ау, бұл ғазалдың сенікі екенін жұрт білмеуі мүмкін, өзіңізді қасына дарға асып қойыңыз, – депті.*

***

*Бірде неміс жазушысы Теодор Фонтане редактор болып қызмет істеп жүргенде, біреудің бір топ өлеңдерімен қоса қосарланған хатын алады. Онда былай деп жазылыпты: «Мен өлеңдерімдегі үтірді әдейі қоймай отырмын. Керек деп тапқан жеріңізге өзіңіз қоя беріңіз».Сонда Фонтане: «Келесі жолы кілең үтірлерді ғана қойып жіберіңіз, ал өлеңді мен өзім-ақ жазамын» деп жауап жазып, қолжазбасын қайтарып жіберіпті.*

***

*Бірде Жюль Верннен:*
*– Сіздің қай мезгілде қиялыңыз шарықтау шегінде қызмет атқарады? – деп сұрағанда, атақты фантаст бірден:*
*– Таңертеңгілік, ұйқым ашылмай – тағы да бірер минут жата түсу үшін себеп-салдар ойлап табарымда, – деп жауап беріпті.*

***

*Ақын-жазушылардың басы қосылған той-томалақта Горький беріле тербеліп ән айтады. Сонда Чеховтан біреу:*
*– Горький неғып көзін тарс жұмып ән айтып тұр? – деп сұрайды. Сонда Чехов:*
*– Горький жаратылысынан нәзік жанды адам ғой. Мұндағы көпшіліктің өзінің әніне қиналғанын көргісі келмейді,– деген екен.*

***

*Бірде қолпаштаушыларының ортасында отырған Эдгар Поға бір жас жігіт келіп, өзінің Поға өте жақын адам екенін көрсетпекші ниетпен оны құшағына алып:*
*– Қымбатты, По, сізді көрмегелі қашан?! – деп айқайлап жібереді. Сонда Эдгар По:*
*– Жарық дүниеге келгеннен бері... – деп жауап беріпті.*

№32-33 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | О | | Қ | | | | И | | А | | | К | | М |
| А | Л | М | Ұ | Р | Т | | Т | А | З | А | Л | А | Н | У |
| | Ж | А | И | | У | Ш | А | К | О | В | | Р | | Л |
| | А | И | Қ | Ы | Ш | | Р | И | Т | О | Р | И | К | А |
| А | | Н | А | Қ | А | Қ | | Н | | К | | Б | И | Т |
| С | | | | Ш | | О | Қ | А | Л | А | Қ | | І | |
| Т | О | Р | Қ | А | | П | | К | А | Д | А | Р | К | А |
| Р | | | А | М | М | А | Н | | М | О | Л | А | | Н |
| О | | | Й | | И | | О | | П | | А | Д | Е | Н |
| Н | Е | О | Н | | Р | | Т | Р | А | П | | Ж | | А |
| О | | Ж | А | З | А | Л | А | У | | | К | А | Н | Н |
| М | Е | Д | Р | Е | С | Е | | Б | И | Б | І | | А | |
| | | А | | Р | | Н | | И | | А | П | А | Л | Ы |
| Ш | А | Н | А | | Д | И | О | Н | | Б | | Қ | А | Н |
| А | | | Ш | Л | А | Н | Г | | П | А | К | Т | | Т |
| Б | Ү | Р | Қ | | Ғ | | А | Ш | Ы | | | Ы | | Ы |
| А | | | А | М | А | Т | И | | Ш | А | Қ | Ш | А | Қ |
| Д | | А | Р | А | Р | А | | Қ | А | Р | А | Қ | А | Т |
| А | | | А | Л | А | Қ | | | Қ | А | З | А | Л | Ы |
| Н | Ү | С | Қ | А | | А | М | О | | Т | Ы | Н | Ы | Қ |

# Шумахер 6 жылдан кейін есін жиды

**9 қыркүйек күні даңқты автошабандоз Михаэль Шумахерді «құпия емдеуден» өткізу үшін Париждегі емханалардың біріне жеткізілген еді. Le Parisien мәліметі бойынша, Шумахердің жасушасын ауыстыру бойынша ота жасалған. Отаны әлемге әйгілі кардиохирург Филипп Менаше жасаған.**



Михаэль Шумахерді қараған медбикенің айтуынша, ол есін жиған: «Иә, ол менің жұмыс уақытымда есін жиды. Ол қазір ояу», - деп келтіреді медбикенің сөзін Le Parisien басылымы. Алайда әзірге ешбір дереккөз бұл туралы ресми мәлімдеген жоқ.

Михаэль Шумахер 2013 жылы 29 желтоқсан күні Францияның Мерибеле тау-шаңғы курортында шаңғы теуіп жүргенде оқыс құлап, бас сүйегінен ауыр жарақат алған еді. Ауруханаға ауыр жағдайда келіп түскен Михаэль Шумахер бірден жасанды комаға енгізілді. Сол кезден бері әйгілі пилот әлі есін жимады.

Михаэль Шумахер – әлемнің жеті дүркін чемпионы, көптеген жарыстардың жеңімпазы, дүние жүзіндегі ең жүйрік пилот. Ол 1969 жылдың 3 қаңтарында Германия елінде дүниеге келген. «Шумидің» әкесі (лақап аты) шанағы жоқ көліктер жарыстарын өткізетін клубтың басқарушысы болып қызмет атқарған. Осылайша, Шумахердің мамандығы балалық шағында қалыптасты деп айтуға болады. Кішкентай Михаэль көлікті тізгіндеуді ерте бастаған. Соның арқасында ол 14 жасында пилот лицензиясына қол жеткізген.

Жастайынан көптеген жарыстарға қатысып, бәсекелестерімен бақ сынасқан. 17 жасқа дейін Шумахер бірнеше еуропалық чемпионаттарда жеңіске жетіп, 21 жасында «Формула-3» жарысында алғаш чемпион атанды. Кейін келе, Шуми Жапонияның «Формула-3000» жарысында көзге түсіп, 1991 жылы Бельгияда өткен Гран-При жарысында «Jordan» командасының құрамында өнер көрсеткен.

2001 жылы Шумахер Ален Просттың рекордың қайталаған – бұрын-соңды Гран-Приді ешкім 3 мәрте жеңген емес. 2004 жылы Михаэль жетінші рет әлем чемпионы атанады. Бұл оқиғадан кейін Шумахер бүкіл әлемге әйгілі болып, көптеген жанкүйерлердің кумиріне айналған.

*massaget.kz*

# ЖАЗУШЫ МЕРЕЙІ

## СӘУЛЕ ДОСЖАНОВА «АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАНДЫ

**Бүгінде ақын әрі жазушы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Мағазбекқызы Досжанованы қазақ оқырмандары ғана емес, шетелдік кітапсүйер қауым да кеңінен таниды. Кейінгі жылдары проза саласында өнімді еңбек еткен Сәуле Досжанованың қаламынан туындаған шығармалары әлемнің сегіз тіліне аударылып, ол Орта Азия жазушылары арасында 2019 жылы «Букер» сыйлығына ұсынылған жалғыз жазушы әйел атанып отыр.**



Орыс, неміс, жапон, қытай, француз, ағылшын тіліне аударылған кітаптарының бірі – «Көрдемшенің қасіреті» атты некесіз өмірге келген ұрпақтың қасыреті жайлы жазылған шығармасы. Ондағы қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүріне қызығушылықтарын арттырып отыр. «Үлкен үйдегі үрей», «Жатқа туған бала», «Өгей жүрек», «Көрдемшенің зары», «Үшінші есіктің құпиясы», жуырда ғана жарық көрген «Қасірет пен тағдыр» атты прозалық және бірнеше поэзиялық кітаптардың авторы, Республикалық және Халықаралық байқаулардың лауреаты С. Досжанова биыл асқаралы алпыс жасқа толып отыр. Ғұмыртауының осы алпысыншы асуына қажырлы еңбегі мен қазынаға толы рухани қоржынымен жеткен С.Досжанова жақында туған жерінде болып, өзінің жерлестері алдында шығармашылық есеп беріп қайтты. Қалам ұстаған қызына сын көзбен қарайтын аудан жұрты Сәулесін үлкен құрметпен қарсы алды. Он төрт жасында қолына қалам ұстап, мектеп бітіре салысымен еңбекпен өзін шыңдап, қазіргі таңда туған жерінің атын рухани әлемде биіктетіп жүрген Сәуле Мағазбекқызы Алматы облысы мәслихатының шешімімен Алматы облысының Құрметті азаматы атанды.

Сәуленің шығармашылығына арналған екі күндік «Сөз сәулесі» бұл кездесуге Қазақстан Жазушылар одағының хатшылары ақын Бақыт Беделхан, Жарас Сәрсек, филология ғылымының докторы, белгілі әдебиеттанушы Айгүл Ісмақова, Қазақстандағы халықаралық әдеби агенттіктің жетекшісі Бақытгүл Маханбетова, медиатор Назипа Ыдырысовалар қатысып, С.Досжанованың шығармашылығына жан-жақты тоқталып, жазушыны жаңа заманның жаңа жанр иесі деп атады. Ал, Алматы облысы ардагерлер кеңесінің мүшесі, ел азаматы Өміралі Кенжетаев, Тұрарбек Асанов осы әдеби жиынға арнайы келіп, Алматы облысының әкімі Амандық Батталовтың атынан жазушы қыздарының өңіріне «Алматы облысының құрметті азаматы» деген белгі тақты. Қалам ұстаған қазақ қызы үшін туған жердің құрметінен артық марапат жоқ шығар, бұл марапат жазушыға жаңа шығармашылық шабыт сыйлағаны анық.

– Елдің талай марапатына ие болдым,бірақ мен үшін қашан да Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы деген марапат биік көрінетін, енді міне оған тағы бір жауапкершілік жүгі артылып, Алматы облысының Құрметті азаматы атанып отырмын. Әдебиет пен ұлтымыздың рухани саласына сіңірген еңбегімді бағалаған ел жұртыма шексіз ризамын. Бұл ретте мені қолтығымнан демеген ел азаматттары облыс әкімі Амандық Батталовқа, аудан әкімі Шухрат Тұрдақынов ініме және осы шығармашылық кездесуімде маған рухани демеу жасаған әріптестерім мен әншілер Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткерлері Ардақ Балажановаға, Ербол Шадыбековке және ауданның өнерлі жастарына алғыс айтамын.. Бұл құрмет маған шабыт қана емес, үлкен жауапкершілік те жүктеп отыр, – дейді жазушы Сәуле Досжан.

Бақыт Беделханша айтсақ құрмадай жыр мен құлжадай прозаны серік еткен жазушы Сәуле Досжанға жазарың көбейсін дейік. Алпыс деген асуыңыз құтты болсын!

**Нұржамал ТЕГІНБАЙҚЫЗЫ**

## Құттықтаймыз!

## Ақ отауға Ақ жол біздер тілейміз!

***Алтынбай бауырым, Алма келін!***
***Алақандарыңа салған аққуларың, атына сай Әсем қыздың Ақ отау құрғаны құтты болсын! Әсем мен Сүйіндіктің көтерген шаңырақтары биік, босағалары берік, керегелері кең болсын! Мерекелі де, Берекелі отбасы болсын!***

Бақыт жайлы айтылатын ән дайын,
Әсемсің ғой, ашылсын ақ маңдайың!
Ата-анаңның аялаған мәпелеп,
Ақ үмітін ақтай білгін әрдайым!

Бақыт құсы қонса баққа – саяға,
Қуанбайды қандай әке, қай ана?!
Сүйіндік, сен сүйіндіріп ісіңмен,
Әсем қыздай аққуыңды аяла!

Ақ тілектер ақ қанатын жаяды.
Алашыңның аруы бол аялы.
Аналардың шашып елге шуағын,
Бабалардың салтын ұста саялы.

Азаттығын сүйіп Ұлы даланың,
Ұлтың үшін арналсын тек бар әнің.
Аталарың Алашқа еңбек еткендей,
Қазақ атын шығара бер қарағым!

Арман тауға аттандыңдар ат мініп,
Алдарыңнан шықсын күліп сәттілік!
Тәтті болсын, өмірлерің әрдайым
Дастарханға жайылған соң тәттілік!

Шаңырақты көтеріңдер сәнді ғып,
Әлдилерің жүрсін ішін ән ғылып.
Ақ отауға Ақ жол біздер тілейміз,
Жұлдыздарың жарқырасын мәңгілік!



**Ақ тілекпен, ағайындар атынан Қазыбек – Жәннат**

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 | 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |

**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Редакторлар кеңесінің төрағасы –**
**Қазыбек ИСА**

**Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ**

**Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН**
**Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**

**Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ**

**Бөлім редакторлары:**
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
**Батыс Қазақстан облысы:**
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Сәтбаев қаласы:**
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Маңғыстау облысы:**
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

**Атқарушы директор – Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Тарату бөлімі:**

**Астанада:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

**Астанада «Алты Алаш»** (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор – Дастан ЕЛДЕС**

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген